Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 39 (1042)

01.10.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖУРНАЛИСТІҢ ЖЕҢІСІ

НҰР-СҰЛТАНДА БИЫЛ ЕКІНШІ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ «ЖІГЕР» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ. АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ АИДА БАЛАЕВА «ЖІГЕР-2021» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ. БАЙҚАУДЫҢ БІРІНШІ ОРЫН ЖҮЛДЕСІН «ЖЕТІСУ» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ЖУРНАЛИСІ СӘНИЯ БАЙТАРОВА ЖЕҢІП АЛДЫ.

«Жетісу» телеарнасы республикалық байқауда топ жарды. Жүзге жуық материал арасынан Сәнияның фильмі үздік деп танылып, алға шықты. Бұл тек «Жетісу» телеарнасының ғана емес, барша жетісулықтардың мақтан етер жеңісі деп айтсақ болады. Жеңімпаз болған әріптеспен тілдесудің сәті туды.

– Мен әжемнің тәрбиесінде өскен қызбын. Журналистикаға баулыған да сол Күләш Сәкіқызы. Әжем кішкентайымнан ертегі оқытатын, өлең жаттатып, айтыс тыңдататын. Бөлменің бір бұрышына сахна жасап алып, қойылымдар дайындайтынмын. Сол кезде «Армысыздар, құрметті көрермендер» деп үлкен қасықтан микрофон жасап алушы едім. Сондықтан болар, әдебиетке құмар болып өстім. Тілші болу – апамның орындалмай қалған арманы екен. Мен әжемнің бала күнгі арманын жалғаушымын. Бұл да үлкен аманат. Мектепте жүргенде шығармашылық қырымды ашып, журналистикаға баулыған, сауатымды ашып, қалыптастырған ұстазым қазақ тілі мен әдебитеі пәні мұғалімі – Жанар Баталова.

2016 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін тәмамдап, бакалавр дипломын алдым. Сол жылы Бейсен ағаның шақыртуымен «Жетісу» арнасына өндірістік іс-тәжірибеден өтуге келдім. Алғырлық пен қағілездігімді байқаған басшылар мені жұмысқа қабылдады. Ең алғаш «Болмыс» ток-шоуында редактор қызметін атқардым. Ол жерде жүріп мықты мамандармен қызметтес болдым. Продюсерім әрі, ол кездегі «Болмыс-тың» жүргізушісі Гүлжан Қызайбай маған біраз дүние үйретті. Кейіпкермен тіл табысу, сұрақтарды жүйелеуді көрсетті. Ал, Серік Әбікенұлы мықты мәтін жазудың қыр-сырын үйретіп, жетелеп келеді. Әр тақырыпты Серік ағам талдап, жетілдіріп, ақылын аямай айтып отырады. Республика бойынша мүйізі қарағайдай арналарда Серік Сарыбайдың біраз шәкірті қызмет етуде. Олардың қатарында Мәдина Балғабаева, Нартай Аралбайұлы, Қанат Әуесбай сынды танымал журналистер бар. Телеарнамызда идея генераторы – Данияр Мұстафа деген режиссер ағам бар. Әр түсірілімнің алдында ақыл-кеңесін айтып, бағыттап отырады. Ал Бейсен ағам рухани дүниелерді бойыма сіңіріп, «Адам» болуды үйретті. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Құдай мені мықты ұстаздан кенде қылмады. Әр жетістігімнің артында жоғарыда есімдері аталған жандар тұр,

Жалғасы 2-бетте

АНДАТПА

ПОЗНАНИЕ 3 стр.

ЭЛЕКТРОННАЯ СИГАРЕТА

МЕЗГІЛ МӘСЛЕСІ 4-бет

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ балаға лайықты білім беріп жатыр ма?

ІНДЕТ 7-бет

ҚОМАҒАЙЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ СОРЫ

АШЫҚ ӘҢГІМЕ 12-13-беттер



«БІЛІКТЕГІ АДАМДАРДЫҢ БӘРІНЕ СЕНЕ БЕРМЕЙМІН»

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне ІІ жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖУРНАЛИСТІҢ ЖЕҢІСІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Биыл телеарнада жүргеніме бес жылдан асты. Осы уақыт аралығында 8 хабарды тізгіндеппін. Атап айтсам, «Болмыс» ток-шоуы, «Парасат» әдеби хабары, қыз-келіншектерге арналған «Аққербез», «Оқырман» әдеби-клубы, ұлттық өнерді дәріптейтін «Қазақ үні» сазды-тарихи хабары, «Арнайы репортаж» сараптамалық хабары, ауылшаруашылығына арналған «Ел мен жер» хабары, жуырда ғана жарыққа шыққан таланты тасада қалған ауылдағы өнерлі балалардың армандарына қанат бітіретін – «Бір бала» хабары және өзімнің алғашқы авторлық жобам «Киноман» бағдарламасы. Журналистиканың ерекшелігі – әмбебаптығында. Мен бес жылда түрлі салаға қатысты тақырыптарға қалам тербедім. Ішіндегі жаныма жақыны – «Арнайы репортаж». Себебі, мұнда түрлі тағдыр бар. Аллаға шүкір, республикалық және облыстық байқауларда топ жарып келем. Мысалы былтыр «Самғау-2020» байқауында «Жылдың үздік тележурналисі» номинациясын жеңіп алдым. Биыл журналистер күні қарсаңында «Жаңа жағдайдағы білім беру» республикалық байқауында лауреат, журналистер арасындағы «Заманауи білім» республикалық конкурсының «Үздік телевизиялық материал» номинациясының 1-ші орын иегері атандым. Енді оған «Жігер» республикалық байқауы қосылды. Бұл байқаудың мен үшін орны бөлек. Себебі, осы сайыста Бейсен ағамның есімі бар.

Ағамның миссиясы бар. Ұстаздың жолын жалғау, салып кеткен соқпағымен жүру әр шәкірттің міндеті. Ағаның ақ батасын алғандай күй кештім. Бұл жүлде өз мамандығымның алдындағы, барша қазақтың алдындағы жауапкершілігімді арттыра түсті. «Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген ұғым үнемі дұрыс бола бермейтінін Бейсен Абайұлы дәлелдеп берді. Ағаның арамыздан кеткеніне екі жылға жуықтады. Бірақ ол кісінің әр сөзі, бізге үйретіп кеткен дағдылары әлі есімізде. «Көңіл қымбат, кеудеңе тас байлама, таза ұста. Өзіңе күнде есеп бер!» – дейтін асыл ағам. Ағаның көзін көріп, рухани тәлім алған бізде арман жоқ. Ойлап қарасам, ағаның соңғы шәкірттерінің бірі екенмін.

Жүлде алған «Меруерттің мұңы» атты репортажға төрт жыл бойы ақпарат жиналды. Ең алғаш кейіпкеріміз Меруерт 2017 жылы «Болмыс» ток-шоуына шықты. Жолдасы із-түссіз жоғалып кеткен екен. Ол тұста мен журналистикаға жаңадан келіп жатқан сары ауыз балапан едім. Бағдарламадан соң да Меруертпен сөйлесіп, хабарласып тұрдым. Күйеуінен ым-ишара болмаған соң, балаларына жәрдемақыда ала алмады. Себебі, не өлі, не тірі екені беймәлім. Ол кісіні Бейсен ағаның «Қарекет» хабары да назарға алып, құжаттарын реттеуге көмектесті. Сол кезде Меруерттің тағдырын көріп режиссер Шәрипа Оразбаеваға фильмнің сценарийі ойына келеді. Сөйтіп, «Мәриям» атты шынайы, әсерлі фильм түсіреді. Меруерт өзі жайлы фильмдегі басты рөлді ойнап шықты. Артынша Меруерттің тағдыры Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарына ілігіп, әйелді баспанамен қамту туралы Амандық Баталовқа тапсырма берген. 2021 жылдың басында Меруерт пен төрт баласына 2 бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Оған біздің арнаның да қосқан үлесі бар. Көз алдыңда қиналған кейіпкеріңнің қуаныштан көзіне жас алғанын көру – бақыт. Мен сондай бақытты адамдардың бірімін. Бейсен ағамыз көзі тірісінде қаншама ананың көз жасын сүртті, қаншама жетімнің басынан сипады. Біздікі ол еңбектің жанында теңізге тамған тамшыдай ғана дүние.

Бұл жүлдені мен өзімнің мықты командамның арқасында алдым. Телевизия саласында «жалғыздың үні» шықпайтыны белгілі. Таспагер, бейнеинженер, дыбыс режиссері мен журналист біріккенде ғана сапалы дүние шығады. Қуаныш Мұхамедиев деген мықты бейнеинженер ағаммен бірлесіп жұмыс жасағаныма төрт жылға жуықтады. Ол кісі өз жұмысына берілген, қызметіне адал адам. Әр кадрды сөзбен сәйкестендіріп, жаны ашып тұрып қояды. Мен ұжымдағы әр әріптесіме алғыс айтамын. Осындай жанашырларымның барына қуанамын, – деп ағынан жарылды ол.

Әріптесімізді жеңісімен құттықтап, алар асуыңыз бұдан да биік болып, жұлдызыңыз жана берсін дейміз!

КӘСІБІ-НӘСІБІ

ТҮЙІРШІКТЕЛГЕН ЖЕМ ШЫҒАРАДЫ

Қазіргі таңда біздің елімізде жеке кәсібін ашып, әл ауқатын жақсартуға талпынған жандарға қолайлы жағдайлар туғызылып жатқаны аян. Сондықтан «Базарға барып бағыңды сына» дегендей, бизнес саласында өздерін байқап көруге талпынғандарға мемлекет тарапынан аяқтарынан тік тұрып кеткенше қаржылай көмектер көрсетілу қарастырылған.

Осындай мүмкіндікті пайдаланып, тәуекелге бел буып, бұрын білмеген де, меңгермеген де кәсіппен айналысуды қолға алған жігерлі жандар өздерінің жаңа істерін дөңгелетіп әкетіп жатқан мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сондай азаматтардың бірі Панфилов ауданы Жаркент қаласының тұрғыны Аманбол Құсайынов.

Аманбол түйіршіктелген жем өндірісін қолға алуды ұйғарды. Кәсіпкер – «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту жобасының түлегі. Өткен жылы оқуын аяқтаған. Аманбол Құсайынов түйіршіктелген жем өндіретін шағын цехқа арналған жабдықты өзі құрастырған. Өнім арнайы қаптамасыз шығарылады. Мал азығын Панфилов ауданы мен Алматы қаласындағы балық шаруашылықтары, шаруалар мен жеке мал асыраушылар сатып алады. Өнімнің құны зауыттарға қарағанда 10-15%-ға төмен. Қазір цехта үш адам жұмыс істейді.

«Бүгінгі таңда ұсақталған, мөлшерленген, жоғары температурада буланған құрама жем аулада кептіріледі. Сондықтан, цех көктемнен күзге дейін маусымдық жұмыс істейді. Келешекте қаржы мүмкіндігі болғанда кептіру жабдықтарын сатып алсақ, жыл бойына тоқтаусыз жұмыс істеуге мүмкіндік болады. Жасыратыны жоқ, көптеген фермерлер малды ескі тәсілмен азықтандырады. Ал түйіршіктелген құрама жемнің өнімділігі 80%-ға жоғары», – дейді кәсіпкер.

Биыл кәсіпкер «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша екі миллион теңге көлемінде инновациялық грант ұтып алды. Бұл қаражат цехты жаңартуға жұмсалатын болады. Өндірістің толық қуаттылығы іске қосылғанда цех ай сайын бір тоннаға дейін түйіршіктелген жем шығара алады.

Алматы облыстық Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 3,1 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқытылған. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқытылғандарды қоса алағанда 1200-ден астам бизнес-жоба гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие алды.

Міне, осылайша «Тәуекел түбі - желқайық» дегендей, Аманбол қолға алған ісінің нәтижесіне көңілі толып, оны болашақта одан әрі кеңейте түсуді алға мақсат етіп қойып отыр.

Ш. ХАМИТОВ.

ШАРА

ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Халықаралық қарттар күніне орай Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейінде «Қазына көзді қарттарым» атты шара өтіп, оған Текелі қаласындағы қарттар үйінің тұрғындары, қалалық ардагер ұйымының мүшелері мен қаламыздағы Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінің тәлімгерлері қатысты.

Шара барысында Жетісу жұртшылығына белгілі қоғам және мәдениет қайраткері, беделді ақсақал, ұстаз Далбағаев Егеубек Даданбекұлына арналған экспозициялық кешен және «Даналықтың ақ туын биік еткен қарттарым» атты кітап көрмесі таныстырылды.

Жылына бір келетін мереке шырайын жоғарыда аталған колледждің жас таланттары аша түсті. Олар қарияларға концерттік бағдарлама ұсынып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Музей қызметкерлері аға буын өкілдерін құттықтап, сый-сияпат көрсетті.

Салтанат ТӨЛЕГЕНОВА,
І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СТРЕМЛЕНИЕ

ОСТАНОВИ МГНОВЕНИЕ

В СВОИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ПИСАТЕЛИ НЕРЕДКО УПОМИНАЮТ, ЧТО САМОЕ ГЛАВНОЕ В ЖИЗНИ – ЭТО СЕКУНДЫ, МИНУТЫ, ГОДА, КОТОРЫЕ БОЛЬШИНСТВО ЛЮДЕЙ РАСТРАЧИВАЮТ ВПУСТУЮ, А ПОТОМ ГОРЬКО СОЖАЛЕЮТ О ТОМ, ЧЕГО УЖЕ НИКАК НЕ ВЕРНУТЬ И НЕ ИСПРАВИТЬ.

В моем понятии, время – это то, из чего складывается вся наша жизнь. Бесконечная единица измерения, существующая в нашей Вселенной. Время может лечить, убивать, калечить души и расставлять все по своим местам. Мы становимся старше, мудрее и рассудительней, но это происходит с прожитыми годами. У большинства людей, к сожалению, молодость проходит бессмысленно, многие ничего полезного так и не успевают сделать, а по достижении определенного возраста приходит «озарение», но возможности, которые были раньше, упущены.

Время бесконечно. Оно было, есть и будет. Все мы делим время на три части: прошлое, настоящее и будущее. И человек может изменить только настоящее, происходящее здесь и сейчас, и будущее, которое произойдет и будет зависеть от самого человека. Но, прошлое изменить никто не в силах, потому что это за гранью человеческих возможностей.

Человек должен находиться в гармонии не только с самим собой, но и со временем, отведенным ему. Читая литературные произведения, могу отметить, что сделать это не так просто, как кажется. Мы учимся на своих ошибках прошлого, но я считаю, что нельзя жить только воспоминаниями. Нужно двигаться вперед и жить настоящим, а не зацикливаться на давних проблемах и не оборачиваться назад.

Никто не может повлиять или остановить ход времени. Но в человеческих силах заполнить свою жизнь яркими красками, незабываемыми моментами, хорошими поступками и приятными воспоминаниями.

Знаем ли мы цену времени? По-настоящему ценить его мы, наверно, не научимся никогда! Мы недооцениваем его быстротечность, а порою даже стремимся ускорить его бег. В наших руках – наша жизнь, судьба, наше будущее. Бывает, что грандиозный успех и самую провальную неудачу разделяет только пропасть с названием «мне некогда». Поистине, у всех нас достаточно времени, нужно только правильно распределить его и захотеть разумно использовать. Время никогда не будет нас ждать. С каждой секундой оно пишет все новые строки в книгу нашей жизни, истинными авторами которой являемся только мы. И что будет на следующих ее страницах зависит только от нас… Давайте ценить свое время и дорожить временем других! Не забывайте: время безостановочно летит вперед, но именно вы – пилот своего времени.

СОБ.КОРР.

ПОЗНАНИЕ

ЭЛЕКТРОННАЯ СИГАРЕТА

В современном мире придумывают множество интересных и на первый взгляд полезных изобретений. Одним из таких нововведений является электронная сигарета. Согласно рекламе она обещает помочь избавиться от вредной для здоровья привычки — курения, а также характеризуется как безвредная замена сигаретам. Неужели действительно вред электронной сигареты сведен к нулю, и можно пользоваться ею без опасений?

Прежде чем определиться, какой электронная сигарета приносит вред и пользу, следует дать определение этому продукту. Это устройство, которое наполнено дисперсионной ароматизированной жидкостью, имеющей в своем составе никотин. Ежедневно на улицах городов мы видим людей, выдыхающих большое количество пара, использующих для этого специальные устройства.

Вейпинг (от английского - vaping -парение) - процесс курения электронной сигареты, испарителей и других подобных устройств.

Вейпы - электронные сигареты, мини-кальяны.

Вейперы - новый вид курильщиков, которые курят не обычные сигареты, а сигареты с электронной начинкой, пропагандируя курение электронных устройств как безопасную альтернативу обычным сигаретам.

Вейпинг - новое течение среди молодежи, курильщики объединяются в группы. Покупают различные устройства для парения, которые совершенствуются с каждым днем, приобретая новый дизайн и новые ароматические свойства (со вкусом вишни, мяты, яблока, лимона, кофе и др.). Устройства выглядят как маленькие коробочки с насадкой или длинные украшенные металлические цилиндры, а могут вовсе иметь эксклюзивный дизайн. В крупных городах открываются вейп-кафе, проходят вейп-фестивали, соревнования. Электронная сигарета во всех отношениях представляет собой изделие для курения. Электронные сигареты работают при помощи испарения жидкости, а не сжигания табака, как обычные. В большинстве случаев жидкость для испарения содержит никотин и другие вещества. Самый значительный вред электронных сигарет в том, что точно также, как и обычные сигареты, они содержат никотин. Никотин – это вещество, вызывающее зависимость в любом возрасте, однако употребление его молодежью приводит к гораздо более серьезным последствиям, потому что в подростковом возрасте мозг наиболее восприимчив, а потому никотин может вызвать зависимость, нарушения внимания и настроения (например, депрессию). Помимо мозга, никотин оказывает влияние и на другие процессы в организме, такие как кровяное давление и сердечный ритм. Эти влияния могут стать долгосрочными. Электронные сигареты содержат другие вредные вещества, помимо никотина, среди которых вещества, плохо влияющие на дыхательную систему, и вещества, считающиеся канцерогенными, то есть способными вызывать онкологические заболевания. Доказано, что риск для молодежи, использующей электронные сигареты, перейти на курение сигарет возрастает до 7 раз. Никотиновая зависимость также может стать предпосылкой для употребления наркотиков в будущем.

Во-первых, это никотин — опасный токсический компонент е-сигарет, вызывающий рак, сердечно-сосудистые заболевания, а самое главное — привыкание, то-есть никотиновую зависимость.

Во-вторых, производители э-сигарет утверждают, что их устройства не содержат канцерогенов, в то время как в простой сигарете их насчитывается около 60 видов. Однако по итогам проведенных исследований американским Управлением по контролю качества продуктов и медикаментов (Food and Drug Administration,USFDA), которое следит за соблюдением стандартов качества табачных изделий, лекарственных препаратов и других товаров, были выявлены ряд серьезных нарушений. В результате проверки картриджей фирм NJoy и Smoking Everywhere, в некоторых из них, были обнаружены те самые канцерогены. Нитрозамин и диэтиленгликоль. Нитрозамин — высокотоксичное соединение обладающее мутагенным действием даже при однократном воздействии. Диэтиленгликоль — канцероген, способствующий возникновению онкологических заболеваний. Более того, стало известно и про грубое несоответствие заявленному содержанию никотина, и наличие его в картриджах — «не содержащих никотин».

В-третьих, аллергикам нужно быть внимательными при выборе ароматических добавок, которые могут вызвать у них аллергическую реакцию.

Наполнение электронной сигареты может различаться в зависимости от модели изделия. При курении от нее исходит пар, похожий на табачный дым, который образуется за счет работы парогенератора ультразвуком распыляющего жидкость. Несмотря на массу положительных характеристик для этого продукта, вряд ли можно признать его воздействие на организм положительным. Учеными проводилось множество экспериментов и исследований, которые подтвердили вред электронной сигареты для здоровья не только курящего человека, но и окружающих. Жидкость, находящаяся внутри сигареты включает определенное количество никотина, он быстро попадает в дыхательную систему, затем всасывается в кровь и с ее помощью распространяется по всему телу. Достигая головного мозга, никотин влияет на всю центральную нервную систему, вызывает привычку и оказывает негативное влияние на все внутренние системы организма, провоцирует развитие многих патологий. Помимо этого остается главная проблема — зависимость от курения, причем не только ее психологический аспект, но и физический. Электронная сигарета наполнена очищенным никотином и приятными по запаху и вкусу добавками, но здоровья они точно не добавляют. Главная суть курения сигарет не меняется. В некоторых экземплярах исследователями были найдены токсичные вещества, которые отравляют организм. Также было доказано, что использование электронной сигареты может сопровождаться выделением канцерогенных элементов. По вопросу «электронная сигарета: вред и польза?» однозначного ответа Всемирная организация здоровья дать не может, поскольку разные фирмы делают свое наполнение устройств. Однако рекомендации врачей однозначны — лучше вовсе избавиться от зависимости курения, чем пользоваться сомнительными заменителями. Для достоверности информации, стоит все же указать небольшой перечень положительных качеств электронных устройств для курения. Если заменить обычные сигареты электронной, станет заметной хорошая перемена: меньшая нагрузка на дыхательную систему. Такой эффект обеспечивается благодаря отсутствию угарных токсинов, смолы и других дополнительных примесей. Этот факт говорит о меньшем вреде для здоровья. Еще один положительный момент — меньший вред для окружающих. Поскольку в электронных сигаретах не содержится вредных смол и других добавок, которые разносятся с табачным дымом, люди рядом с курильщиком могут не опасаться за свое здоровье. Однако это не означает, что можно курить рядом с маленькими детьми или в непроветриваемом помещении. Никотин проникает в кровь уже после первой затяжки. Это опасное наркотическое вещество, вызывающее массу негативных последствий для организма и психологическую зависимость. В большей степени оно действует на сердечно-сосудистую систему, провоцируя развитие склеротических и иных патологий. Также сильно страдают почки и вся выделительная система, не говоря уже об легких. Никотин при длительном воздействии на организм способен вызвать рак. Вред электронной сигареты для здоровья может быть даже больше, чем от обычной. Это объясняется уверенностью курильщиков в мнимой безопасности устройства и в связи с этим более активным курением. Организм не получает даже короткой передышки в поступлении никотина, что дает огромную нагрузку на все внутренние системы.

Учитывая все доводы, на вопрос «электронная сигарета: вред и польза?» можно дать однозначный ответ — всякое курение вредит здоровью и приводит к раку легких. Поэтому лучше вовсе отказаться от вредной привычки. Давайте вспомним, не так давно, в 50—х годах, сигареты рекламировали и дети, и Санта-Клаусы, и доктора, и даже президент США Рональд Рейган, правда, тогда он был еще молодым актером. И только в 1964 году на сигаретных пачках впервые появилась надпись с предупреждением о вреде курения. То есть логика такая: сначала нужно сделать товар модной тенденцией, вызвать у населения физиологическое привыкание (в этом деле очень помогает никотин), а потом рассказать про весь вред табакокурения. Может ли оказаться так, что подобное внедрение в массы электронных сигарет, происходит по такому же сценарию? И всю правду нам еще предстоит узнать! Как вы видите, электронные сигареты имеют не такой развернутый список оказываемого вреда на здоровье человека, как скажем, обычные сигареты, но это только потому, что данный продукт достаточно новый на рынке. Со времени поступления товара в массовое потребление проведено очень мало исследований, касательно вреда или безвредности электронных сигарет для здоровья курильщика и окружающих. А если проследить тенденцию популяризации простых сигарет, можно прийти к выводу, что негативное влияние может попросту замалчиваться производителями.

Жания КАРАУЛОВА

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЛЕСІ

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

балаға лайықты білім беріп жатыр ма?

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ КӨКТЕМНЕН КЕЙІНГІ САҢЫРАУҚҰЛАҚША КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ. ТІПТІ, БІЛІМ САЛАСЫНА МҮЛДЕМ ҚАТЫСЫ ЖОҚ АДАМДАР ДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫН АШУДА. БҰЛ ЗАМАН ТАЛАБЫ ДЕГЕНІМІЗБЕН, АТАЛМЫШ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ БӘРІ БІРДЕЙ БАЛАҒА САПАЛЫ БІЛІМДІ БЕРЕ АЛЫП ЖАТЫР МА ДЕГЕН ОЙ КӨПТІҢ САНАСЫНДАҒЫ САУАЛДЫҢ БІРІ БОЛЫП ОТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ОРЫН ТЕПКЕН БІЛІМ ОРТАЛЫҚТАРЫН АРАЛАП КӨРУДІ ЖӨН КӨРДІК.

Өздеріңізге мәлім, қазіргі білім беру жүйесі әлемдік оқу жүйесі кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан да білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Ал, білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың рөлін арттыру мақсатында ұйымдастырылуда.

Негізінде, қосымша білім беру орталықтарының пайда болғаны бүгін емес. Басқасын айтпағанда, тек тіл үйрету, Ұлттық бірыңғай тестілеуге әзірлейтін бағытты ұстанған орталықтардың өзі қаншама. Олардың көп болуымен қатар жабылып жатқандары да аз емес. Жалпы, бұл орталықтарды ашудағы басты мақсат не: табыс табу ма, әлде шын мәнісінде балалардың сапалы білім көкжиегін кеңейтуге үлес қосу ма?!

Біз табан тіреген алғашқы қосымша білім беру мекемесі – **«Innoverse» орталығы**. 2017 жылдан бері жұмыс істеп келетін орталық тек ҰБТ тестілеуге дайындық жасауға бағытталыпты. Бүгінде орталықта 3 негізгі пән және 2 таңдау пәнінен оқушыларды оқытады. Білім беру жүйесі мектеп базасының тақырыптарымен жаңартылған бағытта дайындайды екен. Қазіргі уақытта мұнда 100-ден аса шәкірт білім алуда. Биылғы көрсеткіш бойынша оқушылардың 95 пайызы мемлекеттік грант иегері атанған.

Бұл орталық **«Qazaq-140»** деп аталады. Талдықалада жаңадан ғана бой түзеген орталықтың директоры Мақсат Мұратбекұлы орталықты ашудағы инициативасымен бөлісті.

«*Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, еліміздің білім саласына екі гибридтік бағытпен кірсеңіздер, өте жақсы болады деді. Яғни, аралас біліммен кіру, онлайн мен оффлайн. Соның нәтижесінде, біз оқушыларға 85 пайыз практиканы онлайн форматында, 85 пайыз теорияны оффлайн форматында береміз. Бүгінде Қазақстанның дамуына өзімнің септігімді тигіземін деген жастар көп қой. Біздің мақсат оқушыларға толыққанды ашып білім беру. Олар қаншалықты жақсы білім алса, болашағы сондай жарқын болмақ. Мектепте білім жоғары. Оқушыларға қазіргі уақытта даму керек. Мына онлайн форматтан кейін көп шәкірттің білімге деген құштарлықтары кетіп қалды десем, қате айтпаймын. Бұл заман мамандықтарды ұштастыратын заман. Сондықтан қосымша білім беруде орталықтардың да көп болуы заңды*» – дейді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Туғанай Аяпова, Талдықорған қаласындағы №24 дарынды балаларға арналған лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: «*Қазіргі таңда орталықтардың көп екені рас. Жақсы орталықтар бар болып, білім сапасын көтеруге ат салысып жатса оған қуанамыз. Бұндай орталықтардың көбею себебі – заман талабы, екіншіден сұраныстың артуы деп ойлаймын. Бұл мектептерде білім сапасы төмен деген сөз емес. Мысалы бір сыныпта 30 шақты бала болса, олардың әрқайсысының қабылдау деңгейі әр түрлі болады. Көпшіліктің ішінен кейбіреуі тасада қалып, жеткілікті деңгейде ашылмай қалуы мүмкін. Ал сондай орталыққа барғанда оған мүмкіншілік болады деп ойлаймын. Алайда, сыныпта барлық оқушы бұндай орталықтарға қатыса алмайды. Кейбірінің жағдайы келмесе, кейбірі ата-анасына ауыртпашылық түсірмеуі мүмкін. Олардың ішінде 5-6 бала қатысар, ал қалғаны мектептегі ұстаздардың берген білімімен оқу жылын аяқтайды. Менің бұндай орталықтарға қарсылығым жоқ. Егерде бала өзіне керекті білімді алып, жақсы нәтиже шығарар болса, неге бармасқа?!*».

Назым Дүтбаева, журналист: «*Жақында ғана бұрын қонақ үй болған ғимараттың оқу Орталығы ретінде жалға берілгенін көрдім. Бұндай мекемелердің көбеюіне іштей қуанып қалдым. Себебі, білім алуға деген ынтаның артып келетіні білінеді. Екіншіден, мектептегі бала санының көптігі себеп. Мектеп мұғалімі қанша жақсы түсіндірседе бала көп отырған сыныпта сабақты қорыту қиын. Сол себепті ата-аналар баланың болашағын ойлап, түрлі қосымшаға береді. Дәл қазір оқу орталықтарының көбеюіне ықпал еткен осы екі себепті көріп тұрмын. Бәсеке бар жерде өсу бар. Оқу орталықтары неғұрлым көп ашылса, соғұрлым бәсеке болады. Ал, ұстаз мәртебесінің өсуіне «Педагог мәртебесі» туралы Заң мен жалақынының көтерілгені едәуір әсер етті. Бұрынғы мұғалім бұрынғы адамдар сияқты еді, қазіргі мұғалім қоғамның бір мүшесіне айналды. Қазіргі мұғалімдер цифрлық тұрғыдан сауатты және жан-жақты. Заман өзгерген сайын ұстазға қойылатын талап та өзгереді. Бүгінгі педагогтер заман талабынан мейлінше шығуға тырысып жүр және оларға бір мұғалімге қарап баға беру дұрыс емес деп санаймын*».

Келесі бас сұққанымыз **«Зерделі»** білім беру орталығы. Сегіз жылдан бері жұмыс істеп келетін орталықтың ашылудағы мақсаты қазақша кітап жазу болған. Өйткені білім беруде өздерінің қазақша нұсқаулығын жазатын орталықтар кемде-кем екен. Екінші бір міндет – баланың логикасын дамыту. Бұл ғимаратта 5-6 сынып (НЗМ, БИЛ), 9-сынып және 11-ші сыныптарды тестілеуге дайындайды.

«Dostyq» білім беру орталығы. Бұл мекеменің атымен аталған тест кітапшаларын кез келген мектептерден кездестіріп жатамыз. Бұл байқау сынақтары облыс, қала, аудан және ауылды мекендерге оқушылардың тестілеу алдындағы дайындық мақсатында жіберіледі. Орталық онлайн платформада ойластырылған, сабақты жазуға үлгермей немесе түсінбей қалған оқушы қосымшаға кіріп, онлайн бейнежазбаны көріп, тақырыпты қайта түсінуге мүмкіндігі бар. Орталық басшысы Айдын Аманжоловтың сөзінше, орталыққа келген балалар деңгей-деңгейімен бөлінеді. «*Егерде, бір аудиторияда бір мықты, бір әлсіз бала отырса, бәсекелестік болмайды. Ал, бәсекелестік болмаған жерде, жеңіс жоқ*», – дейді ол.

Сонымен, заман талабына байланысты қалыптасқан оқу орталықтарының басты бағыты мыналар: мектепке, пәндік олимпиадаларға дайындық, тіл үйрету орталықтары, дарынды балаларға арналған зияткерлік мектептерге (НЗМ, БИЛ), Ұлттық бірыңғай тестке дайындық.

Жалпы, таяқтың екі ұшы болатыны секілді бұның да пайдалы және зиянды жағы бар. Пайдалысы – әр бала өзінің ізденіс бағытында қосымша білім алып, мықты маман атанғысы келеді. Бәсекелестік арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Ал, зияндысы – мектептегі қағазбастылықтан құтылғысы келетін жақсы мамандар орталықтарға кетіп қалып жатыр.

Иә, елімізде сапалы білім беріп, қаншама баланы шыңдап жүрген орталықтар жетерлік. Мектеп қабырғасында баланың деңгейіне қарап сабақ өтуге мүмкіндік болмайды. Ал орталықтардың артықшылығы оқушының деңгейіне қарап бөлінуінде, бала санының аздығы, сабақтың соған сай жүйелілігі мен еркіндігінде. Мақала жазуда білім беру орталықтарының ішкі жұмысының қыр-сырына біраз үңіліп көрдік. Бәрі деп артық салмақ салмайық, арасында санмен ғана өлшенген, сапасы жоқтардың бар екені байқалды.

Бізде бизнестің бір жауыры, бір адам кәсіп түрін бастап табысқа жетсе, жұрт сол бағытта өздерінің істерін жүргізуді бастап кетеді. Әрине, жасасын. Бірақ қай салада іс бастамасын оның жілігін шағып, майын ішкен болу керек шығар. Бұл туралы сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

Арайлым НҰРЖАПАР

Суреттер ғаламтордан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

«ЖЕР-2021» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ КӨПСАЙЫСЫ ӨТТІ

ҚҰДАЙ ЖАМАНДЫҚТЫҢ БЕТІН ӘРМЕН ҚЫЛСЫН! ӘЙТСЕДЕ «ЖЕРДІ МҮЙІЗІМЕН КӨТЕРІП ТҰРҒАН КӨК ӨГІЗ БАСЫН ШАЙҚАҒАНДА ЖЕР СІЛКІНЕДІ» ДЕЙТІН АҢЫЗ-ӘПСАНА БАР-ДЫ. СӨЙТСЕК, БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ «КӨК ӨГІЗ» ДЕП ЖҮРГЕНІ КӨК ТӘҢІРДІҢ ҚҰДІРЕТІН, ҚИЯЛ ЖЕТПЕС ОЙ-ЖЕТПЕСТІ АҢЫЗБЕН АСТАРЛАПТЫ ҒОЙ. ҚҰДЫРЕТІ КҮШТІ ҚҰДАЙДЫҢ ЖЕР БЕТІНЕ НЕБІР СЫНАҚТАРДЫ ЖІБЕРІП, ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕСІН ТӘУБЕСІНЕ ШАҚЫРЫП ТҰРАТЫНЫ СОНДЫҚТАН. СОНЫҢ ЕҢ ҚАТАЛЫ ЖЕР СІЛКІНІСІ, АЛАПАТ ТАСҚЫН СЕЛ, БУЫРҚАНҒАН ДАУЫЛ, ЖЕР АНАНЫҢ КЕНЕЗЕСІН КЕПТІРГЕН ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ. ОСЫ ТОСЫН ОҚИҒАЛАРҒА АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ??

Бұған мемлекет болып немқұрайлы қарауға болмайды. 23-27 қыркүйек аралығында Алматы облысының «Тамғалы тас» шатқалында Қапшағай қаласынан төмен «Жерасты-Астана» оқу жаттығу полигонда «Алматы облысындағы жойқын жер сілкінісі салдарынан туындаған төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдары, күштер мен құралдарын дайындау» тақырыбында «Жер-2021» халықаралық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.

Оқу-жаттығу Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Ю. Викторовичтің басшылығымен өтті. Оған облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Нұр-Сұлтанның жергілікті атқарушы органдары – ТЖ алдын алу және жою жөніндегі комиссиялар, облыстық, аудандық және қалалық азаматтық қорғау қызметтері, ҚР ТЖМ ведомстволық бағынысты бөлімшелері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволары, Қырғызстан мен Өзбекстан ТЖМ төтенше ведомстволарының авариялық-құтқару қызметтері қатысты. Бұл оқу жаттығуларының басты мақсаты төтенше оқиғалар туындаған жағдайда, бірінші кезекте азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің Алматы облысындағы ықтимал қиратушы жер сілкінісі нәтижесінде туындаған төтенше жағдайды жоюға әзірлік деңгейін және қабілетін арттыруға бағытталған. Тосыннан айтпай келетін түрлі апаттардың салдарын жоюда жұмылдырылатын күштік құрылымдардың бірі әрі бірегейі ол – Төтенше жағдайлар департаменті. Табиғаттың тылсым оқиғаларынан болып жататын жер сілкінісі, өрт, тасқын тағы басқа да төтенше жағдайларға сақадай сай болу үшін ТМД елдерінің аумақтарында ауқымды төтенше жағдайлар туындаған кезде мемлекетаралық өзара іс-қимылды жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған бұл оқу жаттығу шараларының үш мемлекетке берер пайдасы зор. Сонымен, оқу-жаттығу барысында авариялық-құтқару, кезек күттірмейтін жұмыстарды дайындау және жүргізу кезінде министрліктер мен ведомстволардың басқару органдарының, жергілікті атқарушы органдардың бағынысты күштер мен құралдарын басқарудағы ұйымдастырушылық және практикалық қызметі мәселелері сарапқа салынды. Екі кезеңнен өткен оқу-жаттығу сайысында зардап шеккен халықты, жер сілкінісі туындаған кезде материалдық құндылықтарды эвакуациялау жөніндегі іс-қимыл жоспарларын нақтылау және түзету кезеңі бойынша, оқу-жаттығудың барлық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілді дейді Алматы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі. Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Сейсмология институтынан қиратушы жер сілкінісінің қаупі туралы мәліметтер алынып, осы болжам негізінде республикалық штаб халықты хабардар ету, ТЖ алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық комиссияларды жинау туралы шешім қабылданып, азаматтық қорғау күштері мен құралдары жоғары дайындыққа келтірілді. Жылжымалы басқару пункттерінің, баспанасыз қалған халықтың шатырлы лагерінің және зардап шеккен халықтың жинау пунктінің дайындығы тексерістен өтті. Екінші кезеңде шартты жер сілкінісі туындағаннан кейін ҚР ТЖМ, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жедел топтары жағдайды барлау және бағалау жұмыстарын жүргізді. Жер сілкінісінің зардаптарын жою жөніндегі жұмыстың тәртібі мен көлемі анықталып, төтенше жағдайды енгізу туралы құжаттар, халықаралық қоғамдастыққа және қоғамдық ұйымдарға көмек көрсету туралы өтініштер дайындалу барысында болды. Ден қою жоспары бойынша, авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізіліп, ҚР ТЖМ далалық республикалық жедел штабы мен мобильді байланыс торабы, жылжымалы басқару пункттері ашылды. Мұнда баспанасыз қалған тұрғындар шатырлы лагерьге орналастырылып, зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету тәсілі жүзеге асырылды. Жер сілкінісі салдарынан орын алған, өрт ошақтарын жойып, үйінділерді бөлшектеу, Кинологиялық есептеулер мен зардап шеккендерді үйінділер астынан алып шығу, сондай-ақ газбен жабдықтауды, электр беру және байланыс желілерін қалпына келтіру жұмыстарында жұмылдырылған

күштік құрлымдардың жеделдігі сараланды. Қыркүйек айының 21 нен 27-не дейінгі аралықта өткен оқу-жаттығудың басынан бастап Қазақстанның барлық жерін-де іс-әрекет даярлығына 3000 авариялық-құтқару қызметтері мен АҚ құрамаларының бөлімшелері, шамамен 70 000-нан астам адам жұмылдырылды. Оқу-жаттығуға барлығы жеке құрамнан 15 000-нан астам адам мен 1 000-нан астам бірлік техника тартылды. "Жер-2021" ХКШО қорытындысы бойынша оқу-жаттығуға толық талдау жүргізіліп, құтқару бөлімшелерінің қиратушы жер сілкінісі салдарын жою бойынша іс-қимылдар дайындығына баға беріліп, төтенше қызметтердің жұмысын одан әрі жетілдірудің басым бағыттары айқындалды. Жарысқа Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан ТЖМ құтқару бөлімшелері және Қазақстан Республикасы азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің әскери қызметші-құтқарушылары қатысты. Құтқару көпсайысы және әскери үш сайыс бойынша жарыстардың бас төрешілер алқасы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің жедел-құтқару жасақтары мен шет мемлекеттердің төтенше ведомстволарына қатысушы командалар арасында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға тән табиғи әрі жасанды кедергілерден тұратын қашықтықтардан өту барысында құтқарушылардың үздік командаларын айқындау жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы ТЖМ жедел-құтқару жасақтары және Қазақстан Республикасы азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің әскери қызметші-құтқарушылары командаларының әскери-құтқару үш сайысы арасындағы құтқару көпсайысы бойынша жарыстар іздестіру-құтқару, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу дағдыларын жетілдіру және жедел-құтқару жасақтары арасындағы өзара іс-қимылды пысықтау, авариялық-құтқару құралдары мен техникасын пайдаланудың озық әдістерін меңгеру, іздестіру, құтқару жұмыстарын жүргізу тәжірибесімен алмасу, құтқарушылардың кәсіптік даярлығын жетілдіру мақсатында өткізілді. Жарыс үш қашықтықты, атап айтқанда «Техногендік апаттар жағдайындағы іздестіру-құтқару жұмыстары» дистанциясы, «Акваторияда іздестіру-құтқару жұмыстары» қашықтығы, «Табиғи орта жағдайындағы іздестіру-құтқару жұмыстары» дистанциясы қамтылды. Жалпы командалық жарыста, Өзбекстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары командасы үшінші орынды, Батыс қазақстан облысы Төтенше Жағдайлар Департаменті жедел-құтқару жасағының құтқарушылар командасы екінші орын, Республикалық жедел-құтқару жасағының құтқарушылар командасы бірінші орынды жеңіп алды. Әскери-құтқару үшсайыс жарыстарының нәтежесі бойынша 52859 әскери бөлімінің командасы үшінші орын, 28237 әскери бөлімінің офицерлер командасы екінші орын, 28237 әскери бөлімінің контракт бойынша қызмет атқаратын әскери қызметшілер командасы бірінші орынды иеленді. Оқу-жаттығу шараларына қатысқан барлық командалар дипломдармен, кубоктар мен көне бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Қамданған қапы қалмайды» дегендей Төтеншеліктер ұйымдастырған бұл оқу-жаттығу шараларында құтқарушылар авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде ұйымшылдықты, жоғары кәсібилікті, сондай-ақ, жеңіске деген ерік-жігерді көрсете білді – дейді ҚР.ТЖМ Төтенше жағдайларды жою департаменті.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 4 қазан

ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.50 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.20 «Күміс-көмей»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.25 Aqparat
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 Т/х «Самалмен сырласу»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 Apta
15.50 «Ер Қанаты»
16.10, 23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Сана»
02.00 «Ashyq Alan»
02.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Болашак: история похожая на сказку»
10.45 Әсем Әуен
11.15 Т/х «Пәлншеевтер»
12.00, 21.30 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Болшая неделя»
16.00, 23.45 Т/с «Стрелок»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
01.30 «Discovery : Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Астана таймс»
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «Әзілстан»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Первый отдел»
01.10 Х/ф «Лучшие враги»
02.15 Т/с «Две судьбы-2»
03.25 «112»
03.40 Басты жаңалықтар
04.05 «Әйел сыры»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.00 Т/х «Журналист»
09.00 «Тень звезды»
11.10 «Через беды и печали»
15.35 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
00.00 «Боец»
01.50 «Старший следователь»
03.30 «Әйел қырық шырақты»
04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Олжа»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 «Сильные духом»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақ тілі»
20.00 «Әдебиет пен адамзат»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ән тыңдайық»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бүгінгі дін»
22.30 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Әзіл студио
06.50 Here?
08.10 «Суд идет»
09.10 «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.20 «Человек-муравей и оса»
15.30 «Волки и Овцы. Ход свиньей»
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.10 М/ф «Академия монстров»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
22.00 «Петля времени»
00.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 Д/ф «В мире чудес»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/с «Мама буде против»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 «Родком»
17.50 «Три в одном»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Скорая помощь»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Тойхана»
00.00 Т/х «Арам ақша.Адал махаббат»
00.40 «Маусымашар-2021»
01.10 «Двойник дьявола»

Сейсенбі - Вторник, 5 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.40 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.25 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 Т/х «Самалмен сырласу»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.10 «Masele»
15.40 «Тәуелсіздік тарландары»
16.10, 23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Сана»
02.00 «Ashyq Alan»
02.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем Әуен
11.15, 22.20 Т/х «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.15 Т/с «Стрелок»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Тариз айнасы»
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery : Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «Әзілстан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Первый отдел»
01.10 Х/ф «Лучшие враги»
02.15 Т/с «Две судьбы-2»
03.25 «112»
04.05 «Әйел сыры»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.30 Т/х «Журналист»
09.30 Новости
10.10 «Было дело»
10.50 «Боец»
13.20 «Другие»
15.35 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
00.00 «Боец»
01.50 «Старший следователь»
02.45 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
03.30 «Әйел қырық шырақты»
04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Әдебиет пен адамзат»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Безбен»
15.30 «Бүгінгі дін»
16.30 «Единый народ»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Туған жер ән фестивалі» концерті 1-бөлім
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 Информбюро
07.50, 04.30 Ризамын
09.10 «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 Т/с «Құзғын»
14.00 What's up?
14.40 «Пенсильвания»
15.30 «Волки и Овцы. Ход свиньей»
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.00 Худ/ф «Громобой»
19.55 Zeinet.kz
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Ворон»
22.00 «Уличный боец»
00.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.30 Кел, татуласайық!
03.20 Д/ф «В мире чудес»

7 КАНАЛ

06.00,05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00, 17.50 Т/с «Три в одном»
11.15, 19.30 Т/с «Скорая помощь»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 «Родком»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Тойхана»
00.00 «Арам ақша. Адал махаббат»
01.10 «Анна детектив»
02.20 «Q-елі»

Сәрсенбі - Среда, 6 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.40 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00, 01.25 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 «Самалмен сырласу»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.10 «Kelbet»
15.40 «Атамекен»
16.10, 23.30 «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq eken»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Сана»
02.00 «Ashyq alan»
02.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем әуен
11.15, 22.20 «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 «Сырлы қала»
15.00 «Большая неделя»
16.00, 23.15 «Стрелок»
18.00 «Мегахит»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery: Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Astana times»
20.55 «Loto 6/49»
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 Әзілстан

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро, КАЗАХСТАН!»
11.00 Х/ф «Руские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Первый отдел»
01.10 «Лучшие враги»
02.15 «Две судьбы-2»
03.25 «112»
04.05 «Әйел сыры»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 Т/х «Журналист»
09.30 НОВОСТИ
10.10 «Было дело»
10.50 Т/с «Боец»
13.20 «Другие»
15.35 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
00.00 Т/с «Боец»
01.50 «Старший следователь»
02.45 «Астарлы ақиқат»
03.30 «Әйел қырық шырақты»
04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Полицейская служба»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Жүрек сөзі»
15.30 «Әсем әуен»
16.20 «Кәтелік»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен» (дәстүрлі әндер)
21.30 Итоговые новости
22.00 «Туған жер ән фестивалі» концерті 2-бөлім
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 Информбюро
07.50, 04.00 Ризамын
09.10 «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 «What's up?»
14.30 Т/с «Пенсильвания»
16.50 Экстрасенсы-детективы
18.00 Х/ф «Уличный боец»
20.00 Информбюро
21.00 Пенсия.kz
21.05 «ВОРОН»
22.00 «Сезон убийц»
00.50 Кел, татуласайық!
02.50 Д/ф «В мире чудес»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00, 17.50 Т/с «Три в одном»
11.15, 19.30 «Скорая помощь»
14.00 «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 «Родком»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Тойхана»
00.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
01.10 Т/с «Анна-детектив»
02.20 «Q-елі»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ІНДЕТ

ҚОМАҒАЙЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ СОРЫ

«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА «АДАЛ ЖҮРЕК» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАДА ӨТТІ. ОҒАН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ЖАНДОС САҒЫНДЫҚҰЛЫ ЖҰМАБАЕВ, АСҚАР ЖҰМАХАНҰЛЫ САҒЫНДЫҚОВ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСҚАРМА БАСШЫСЫ, МОДЕРАТОР, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ МАРЛЕН ҚАПАШҰЛЫ КӨЛБАЕВ БАСТАҒАН ӨНЕР ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Мәдениет, өнер саласының үздіктері, өнер майталмандары, еңбек ардагерлері мен мекеме басшылары қатысқан дөңгелек үстелде әлемді дүрбелеңге салған адамзат баласын баудай түсірген «Ковид»-19 және пандемия індетінен де асып түскен жемқорлық індеті туралы кеңінен сөз болды. Ел экономикасы шайқалып, әлемде дағдарыс дауылы бәсеңдемей тұрғанда «Бәрі етектен тартыпты» дегеннің керін жасаған жемқорлар айылын жияр емес. Мемлекеттік қызметкер мемлекеттің дүниесін көздің қарашығындай сақтап, халыққа адал қызмет атқарады деген шенді-шекпенділер, жоғары эшелоннан бастап жергілікті билікке дейінгілер арасында құлқынның құлына айналғандар ала жіпті аттап, абақтыдан бірақ шығып жүр. «Итің жаман дегенде ұяттан өлгенім-ай» демекші, сол жемқорлықтың бас жағында Алматы облысы екі жыл қатарынан бірінші орында бермей келеді. Жүз жерден жемқорлық туралы заңды қатайтып, пара алған, пара берген және бюджеттің қаржысын талантаражға салғандарға миллиондап айыппұл төлеткеннен, темір торға тоғытқаннан айылын жиып жатқан шенділерді көрмейсің. Мемлекеттік қызметке келгендер «халыққа қызмет жасап қалайық» дегеннің орнына, қолда барда асап қалайық» – дейтіндер көбейіп барады. Мемлекет те түрлі операциялық тәсілдерді қолданып, қансоқтаға айналған жемқорлық індетінің жұлынына орнығып алған құртын толық тазарта алмай отыр. Жемқорлық кеселінің асқынғаны сондай адам бойындағы тамырларға қаулап кіріп кеткен. Тамырда қан бар, қанға түскен инфекцияны дәрігерде, финполицияда ала алмайды. Ол – жемқорды өлтіреді. Бірақ, індет адамнан адамға жұғады. Жалпы әлем бойынш ауыр індетке айналған жемқорлық дертімен күресу үшін «Жемқорлықпен күресу менеджменттік жүйесі» атты «ISO37001» халықаралық стандарты 2016 жылы қазан айынан бастап қолданысқа енгізілді. Бұл стандартты тек Қазақстанда ғана емес бүкіл озық мемлекеттерде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қолдануда. Бұл дегеніміз жемқорлық дертінің тамыры терең бойлап, мемлекеттердің дамуына тежеу екені анық. Стандарт жемқорлықпен күресу жолының озық саясатын қалыптастырады және тәжірибеде үлкен қолданысқа ие. Міне осы бағытта мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу іс-шаралары бойынша 2021 жылға арналған арнайы жоспары бойынша жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік мәдени іс-шаралары талқыға салынды. Дөңгелек үстелде Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының әртістері Сағындық Жұмаділов, Кендебай Темірбаев, Серік Нұрғалықовтар сөз алып, жемқорлық індеті жайлы ойлары ортаға салып, «Құлқынның құлы» атты драмалық қойылымының желісі осы жемқорлық аясында өрбитінін айтты. Бір өкініштісі, бұл қойылымды қала тұрғындары көргенімен, жемқорлыққа белшесінен батып жүрген мемлекеттік қызметкерлердің бірі де көрмепті.

Жиын барысында театрға және айтулы қойылымға мемлекеттік қызметкерлердің бәрін шоғырландырып көрсету барысы айтылды. Сондай-ақ, жемқорлықтың бір ұшын облыстағы идеологиялық ахуалдың ақсап тұрғанынан көруге болады. Әуелі экономика сонан соң саясат деп жүріп идеологиялық тәлім-тәрбиені уыстан шығарып алғанның жемісін енді көріп отырмыз. Оның бір саласы мемлекеттік қызметкерлер арасындағы жемқорлық болып тұр. Жиында филармония, кітапхана, мұражай қызметкерлері мен ардагерлер өз ұсыныстарын айтып, жемқорлықты қайтсек тежеуге болады деген ұйғарымын жасады. Алматы облыстық сотының баспасөз өкілдері берген ақпаратта 2021 жылдың 6 айында сыбайлас жемқорлық істерін қараудағы статистикалық мәлімет бойынша (пара алу) ҚК-тің 366 бабына қатысты барлығы 18 адамға қатыс-ты 14 қылмысқа үкім шығарылған. Ал 2020 жылы осы айда 9 іске үкім кесілген. Статистикалық деректерге зер салсақ, өткен жылға қарғанда биыл жемқорлық қылмысының өсімі көзге ұрып тұр. Сотталған 18 адамның 6-ы басшылық лауазымдарда болған. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауда мемлекеттік органдардың мамандары белсенділік танытқан. Мәселен, полиция басқармасы – 9; мемлекеттік кірістер басқармасы, оның ішінде кеден бекеттері – 3; құрылыс бөлімі – 1; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі – 1; тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы – 1; "Тексеру комиссиясы" ММ – 1; ветеринарлық бақылау инспекциясы – 1; көліктік бақылау инспекциясында – 1 қызметкер тұтқындалған. Олардың заңсыз жолмен алған парасының жалпы сомасы 21 955 950 теңгені құраған. Осы парақорларға, яғни 18 адамға жаза тағайындауда ҚК-тің 366 бабы бойынша сотталғандарға, айыппұл жазаның негізгі түрі ретінде 10 адамға тағайындалып, 8 лауазымды тұлға бас бостандығынан айырылған. Ірің кеулеп, кесуге келмей асқынып кеткен індеттің пара алу мен пара беру жолында айыпсыз қалмайтынын біле тұра, жең ұшынан жалғасқандар біріне-бірі қосақталып жүр. Мұндайды қазақ «қосақ-қосақ десе, жаман қой бірге кетіпті» – дейді. Бірақ, пара бергендері жаман деп айта алмайсың, елдің мүддесінде қызмет жасап жүргендер. Пара бергені үшін (ҚК 367 – бабы) барлығы 53 адам сотталған. Оның ішінде 52-і айыппұл төлесе, біреуі бас бостандығынан айырылған. Қылмыстың тағы бір түрі сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденгені немесе ысырап еткені үшін өзінің қызмет бабын теріс пайдаланған лауазым иесі ҚК 189-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы бойынша айыппұлға сотталса, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін екі адамның бас бостандығы шектелген. Айыппұлдың тағайындалған сомасын орындауда бірінші сатыдағы соттардың үкімдерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша жалпы сомасы 75 361 102 теңгеге айыппұл тағайындалып, оның ішінде төленбеген соманың қалдығы 37 380 822 теңгені құраған. Бұл алты айлықтың көрсеткіші. Енді аз күнде тоғыз айдың қортындысында жемқорлық қылмсының не өскенін, не төмендегенін білетін боламыз.

ТҮЙІН ОРНЫНА: *Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы департаменті басқарма басшысының бірінші орынбасары Жандос Сағындықұлы Жұмабаев «жемқорлыққа жол жоқ!» акциясы аясында ай сайын мемлекеттік мекемелерде кездесулер өткіземіз. Видео таспаларды көрсетеміз. Жемқорлықтың арты неге апарып соғатынын тәпіштеп тұрып айтамыз. Тіпті істі болған лауазымды тұлғалардың қолдарына кісен салынып, сот залынан түрмеде отырғандарына дейін роликтер көрсетіледі. Бірақ, одан сабақ алып жатқандар некен-саяқ. Әсіресе, жас мемлекеттік қызметкерлер өмірлеріне балта шауып жатыр. Бұл – мемлекет үшін де, бұқара халық үшін де үлкен қауіп. «Сіздердің дөңгелек үстел барысында айтылған пікірлеріңіз бізге үлкен ой салды. Ұсыныстарыңыздың ұнаған тұстарын кәдемізге жаратамыз. Қомағайлық қоғамның соры, онымен халық болып күресуіміз керек» – деді.*

Айтақын МҰХАМАДИ

МАМАН МІНБЕРІ

МЕДИАЦИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Медиацияның тиімділігін және пайдасын бұрын тек судьялар ғана айтатын еді. Расында тараптарға таңдау еркіндігін беретін екеуара даудың сыртқа шықпауын, құпиялылығын сақтайтын түйткілдің жүйкеге салмақ түсірмей, өзара келісіммен бітуіне кепілдік болатын медиацияның игілігін судьялардан жетік білетін маман жоқ. Сондықтан оң үрдісті насихаттауға, халықтың көзін ашуға қазылар қауымының белсене кіріскені рас.

Осы уақытқа дейін «Медиация туралы» заңның механизмдерін түсіндіріп, бітімгершілік дәстүрін тәжірибеге енгізуде қаншама жобалар қолға алынып, түрлі іс-шаралар жүзеге асырылды. Медиация бұрыштарын ашудан бастау алған бұл жұмыстар кейіннен арнайы медиация кабинеттерін жасақтауға, медиаторларды таныстырып, қолдау көрсетуге ұласты.

Медиатор деген сөздің мағынасын білмейтін қарапайым азаматтарға жадына жаңа лауазымның жағымды бейнесін қалыптастыру оңайға түскен жоқ. Кәсіби медиаторларды оқыту, кәсіби емес медиаторлар шоғырын жасақтау ісінде де сот қызметкерлерінің үлесі басым.

Ал, жаңа лауазымға деген көпшілік сенімін нығайту – кешенді жұмыстың жемісі. Бұған қоса, қазақтың қанында бар бітімгершілік дәстүрін жаңғырту үшін аймақтарда ақсақалдар алқасын, билер кеңесін құрудың да медиацияның маңызын арттырып, қолданысын кеңейткенін айта кеткен жөн. Әрине, даудың бәрін сот арқылы шешуге үйренген азаматтарға жаңа тетікті меңгеру де, қабылдау да оңай болмады. Сондықтан, әуелі медиацияның не екенін білу қажет болды. Бұл айтар ауызға оңай көрінгенмен күрделі іс, кешенді жұмыс. Алайда, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, көп болып жасалған жұмыс бүгінде өз нәтижесін беріп жатыр. Қазір барлық өңірлерде дау-жанжалдардың басым бөлігі – медиативтік келісіммен шешілуде. Әсіресе, азаматтық істерде тараптардың татуласуы жиі тіркелуде. Біздің сотта да арыз-шағымдарды қарауға жібермес бұрын медиативтік келісімге келуге ұсыныс жасалады.

«Судья біздің ісімізді қараудан неге бас тартып отыр?» – деген сауалдарды да сол кезде үнемі қоятын. Бірақ медиацияның уақыт жағынан ұтымды қаржылық ұсыныс отырғанын ұққан соң ғана, тараптар жаңа бастаманың артықшылығы жақтан қалтаға салмақ түсірмейтінін түсініп, әрі судьяның бұл тетікке не себепті ден қойғанын білді.

Азаматтық процестік кодекске сәйкес, енді кез келген дауды тараптар сот шешім шығарғанға дейін бітімгершілікпен аяқтай алады. Сонымен қатар, судья, медиаторлардың да тәжірибеге енгізілуі тараптардың татуласуына айтарлықтай әсерін тигізіп жатыр. Өйткені, сотқа бірінші рет жүгінген азаматтар кәсіби медиатордың кім екенін білмесе де, судьяға сенім артады. Әрі судья араласқан істің дер кезінде әділ шешімін тауып, ондағы тараптардың талассыз орындалуына күмән келтірмейді. Бұрын біздер даулардың 80-90 пайызын медиациямен бітіретін дамыған елдердің тәжірибесіне қызыға қарайтын едік. Қазір осы көрсеткішке жетелейтін тетіктердің бәрі ретімен іске асырылып келеді .

Ардақ БАЙМҰҚАШЕВА,
Көксу аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВЕЛЛА

отырсыз-ау, шамасы.

– Жоқ, тіпті де олай емес. Мен сізсені ойлап келемін.

– Ал мен сізді...

– Қызық екен. - Ішім жылып сала берді.

– Сізді болғанда... өзіңіздің жеке басыңызды емес... қалай түсіндірсем екен... жалпы сіз секілді үнемі жол тартып жүрер... үнемі далада машина немесе ат үстінде жүрер адамдарды. Айталық, менің әкем көп жылдан бері қойшы, қазір ол отарын жайғап, аяқ суытып, шайға отырған шығар.

– Ол кісілер қыстақта ма?

– Иә, бірақ қыстақ ауылдан онша алыс емес, іргесіне тиіп тұр.

– Сен бүгін сонда барасың ба?

– Енді қайда?

– Қорқынышты ғой. Түн іші, сыртта боран, қақаған аяз.

– Ой, ағай-ай, мен бұл жердің табиғатына әбден үйренгенмін, талай-талай тапталған жол. Біздің «Өркеннің» бұрынғы аты «Бөрілі» деп аталған, кейін келе өзгертті. Аты өзгергенмен, заты - сол баяғы қалпында. Жиырма шақты ғана үйі бар. «Аюлы» совхозының бір бригадасы. Бастауыш класы ғана бар. Қалған жылды сіз кетіп бара жатқан «Новостройкаға» барып оқиды. Мен де оныншы класты сол селода бітіргенмін, ауылға тура автобус қатынамайтын болған соң, ары өткен, бері өткен, қаламен екі ортадағы кез келген көлікке мініп, жолдан түсіп қалып, тау қойнауындағы үйге жаяу барамыз. Жасырып керегі не, әсіресе, қыстыгүні аса қиын. Ал қыс дегеніміз - Алтайда өте ұзақ қой. Амал не?

Қыз күрсінді. Сонсоң әлгінде өзі ойып алған тесікті сүртіп, тағы да сыртқа үңілді. Екі тізем мен башпайымның жаурағаны әңгімеге айналғанда ұмытылған еді, енді қайта дірілдей бастаған. Жолаушылардың бәрі қалғып-шұлғып, бей-жай келеді. Мотордың әдеттегі гүрілі, даладағы боранның соғуы, бағанағы семіз азаматтардың қорылынан өзге тырс еткен дыбыс жоқ.

Мен ойладым: «Өмір деген - ғажап дейді, түк те ғажап емес, әншейін осындай автобусқа мініп, белгілі бір аялдамада түсіп қалу, біреудің тойып секіруі, біреудің тоңып секіруі. Әлдекімдер көрер таңды көзімен атқызып, ой қажап ұйықтамайды; әлдекімдер ішігіне тарс бүркеніп уайымсыз тоқ ұйқыға басады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз - өзегің бақытына қызығып өту ғана... Ал мынау жанымдағы тойған қозыдай томпиып отырған қыз ше?.. Оны ертең не күтіп тұр? Бақытты ма, бақыты жоқ болса, оны іздеп таба ала ма? Не ойлады? Жігіті, ұнатқан біреуі бар ма? Тіпті мен туралы қандай сезімде келеді. Адамдарға сене ме? Аты кім? Қайтып кездесер ме екенбіз?..»

– Атыңыз кім, аға? –деді оқыстан.

– Нұрлан. Өзіңнің есімің?

– Арай.

– Жақсы екен.

– Неге жақсы, аға?

– Есіміңді айтамын...

– Таң ата туған соң, әкем Арай деп атай салған. Мен жайлауда дүниеге келіппін. - Бетінен күлкінің әдемі бір толқыны шымырлап өткендей болды.

Мен ойладым: «Өмір деген ғажап-ау, кеше ғана мынау жалпақ жаһанда Арай есімді қыз барын білмеп едім, енді, міне... демінің қалай шыққанына дейін сезіп, әпәдемі дидарын көріп отырмын. Адамдар бір-бірін әрең іздеп табады, сонсоң іплезде жоғалтады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз - адамдардың бір-бірін тауып, қайтадан жоғалтуы емес пе өзі. Мүмкін...»

– Онжылдықты бітірген соң, екі жыл әкеме көмектестім, – деді Арай мұңды жүзбен маған қарап. Әлгіндегі бір күлкінің табы да қалмаған. - Ересектері мен болдым, қалған сегізі әлі жас. Оқуға бармайақ қояйын деп едім, әкем қолқалап қоймады. «Біздің тұқымнан да мұғалім шықсын» дейді. Намыстанғаны. Әнебір күнгі хатында: «Биыл қыс қатты, қызым. Ит-құс көп, жаңа жылдық демалысыңды пайдаланып, мұғалімдеріңнен бірер күнге сұранып келіп кайт, сағындық», – деп жазыпты. Не күйде отыр екен?

Мен ойладым. «Өмір деген тіпті де ғажап емес, Алтайдың қысы секілді қатыгез, кімдерге суық, кімдерге - ыстық. Дегенмен, өмірді лағнеттеп, өкінуге де болмайды-ау».

– Сіз бір түрлі аз сөйлейді екенсіз, – деді Арай. - Мені сынап отырсыз ба, жоқ әлде мінезіңіз сол ма?

– Мінезімнің ауыр екені рас. Бірақ бір қызып сөйлеп кетсем, атымның басына ие бола алмай қалатын көкезу әдетім де бар.

Жол барған сайын күрделеніп, көлігіміздің жүрісі бәсеңдей берді. Боран қарсыдан соғып тұр. Автобустың алдыңғы терезесін қар жентегі тұтып, шофер қайта-қайта сүртіп әуре болады. Аяздың барлығы тау ішінен қашып тығылып, аядай ғана автобусты иектеп тұрғандай. Маған енді сол даладағы арпалысқан боран ит боп үріп, қасқыр болып қыңсылағандай үрейлі сезілді. Жер түгелдей мұз шарға айналып, мәңгіге қатып-семіп, ыңырсығандай жүректі өзгеше суық сезім қариды. Мен амалсыздан Арайға қарай жақындап, осынау қаршадай ғана қыздан пана тілегендей бүрісе түсемін. Ал ол болса жаурағанын мүлдем ұмытып, маздап келген ойдың ақ шанасына түсіп, баяғыда ағып кеткендей. Маған қыз да жақындап тақала отырғандай болды. Біздерді қоян-қолтық қауыштырған, бәлкім, Алтайдың ақ бораны да емес, аяз да емес, басқа... өзіміз ұғып, сезе бермейтін жастықтың лыпып тұрмақ тартылыс күші ме; әлде жүректен шым-шымдап жасқана шығып, бойға тараған ұяң сезімнің жауратпай, жатырқатпай жарастыққа бастаған қуаты ма; ішімнен Арай сөйлесе екен, ойында не бар, түгел ақтарса екен деп тілеймін; табандап жақындап, адымдап қашатын тыз етпе алдамшы үміт, адамның жастық шағымен келіп-кетер оңғақ сезім емес бұл – осы мәуріттің бақилығын арман етер тәтті хал, мұзды денеден жалындап шығар ыстық сүйіспеншілік: сүйіспеншілік болғанда қыз бен жігіттің екеу арасындағы күйдім-жандым ба, жоқ-жоқ, осы айнымас сәттің қымбаттылығын паш етер мұңды минуттар, кейінірек зар еңіреп жүріп сағынатын бейкүнә отырыс, айтпай түсіністін көңіл ұғыстығы шығар-ау.

Жылы киініп, алаңсыз ұйқыда жатқан «Новостройканың» атқа мінерлері қорылға басты.

Менің көз алдыма, неге екенін білмеймін, ат құлағы көрінбейтін боранда үстінде жұқа ғана шыт көйлегі бар, шашы жалбырап, тізеден қар кешіп, адасып жүрген қыз елестеді. Тағы да өз ойымнан өзім шошыдым.

– Арай, айып болмаса мен сені қыстаққа дейін ертіп барайын. Түн, аяз...

– Жо-жоқ, аға, ол не дегеніңіз, ыңғайсыз ғой. Жолыңыздан қалмаңыз. Мен үшін бұл Алтайдың түні мен бораны - үйренген жау.

Біз келе жатқан жол тақтақ, әрі оқтай түзу. Тек дүңкиген-дүңкиген алып жоталарды айналып, сайлау жерге түскенде ғана ирелең тартады. Әдетте мұндай әдемі тас жолдың бетіне қар қиыршықтары тоқтамай, үп етіп жел соқса, сусып алақаншықтана билеп, сай-сайға тырағайлап қашады. Сондағы болар, жол соқты болып шаршаған жоқпыз. Әйтсе де, екі иінімен қос қолдап басқандай тынысым тарылып, талмау тартып отырмын. Қарным ашқаны сезілді. Мен тағы да ақ көңіл, ақ жарқын Арайды ойладым. Шынында да, өзінде бір мазасыздықтың сарыны, ертеңге деген асығыстық бар-ау. Жалғыз көрген кісісін жатырқап-жатсынбай, бауыр тартып, ақтарыла сөйлейді екен. Ол қайта-қайта қойшы әкесін аяп, шиеттей бауырларын еске алып қояды.

– Әкемдер ендігі шайын ішіп болып, ертең ерте тұрамыз деп, жату қамына кірісken шығар. Білесіз бе, аға, біздің «Өркен» ауылында әлі электр жарығы орнаған жоқ. Бұқтарма ГЭС-ін «Новостройка» жаққа тура тартқан. «Жиырма шақты үйі бар ауылға әуреленіп, бұрып жүрмейміз, кейін асықпай тартамыз» деседі. Білесіз бе, аға, біздің ауылда клуб та, киноқондырғы мен кітапхана да жоқ, бар болғаны: ыдыс-аяқ, мата, канткәмпиті араласқан жалғыз дүкен, ол да сатушының екі үйінің бірінде үйіліп жатыр. Қызығы, «Өркен» бригадасы совхоз бойынша жоспарды үнемі артығымен орындайды, ал мәдени-тұрмыстық ахуалымыз осындай... Бірақ сіздер мұндай жетім ауылды менсінбей, тура түзу де жайлы тас жолмен үлгілі селоға тартасыздар, тек сондай тамашаны ғана көріп, жазасыздар.

– Арай, егер сен қарсы болмасаң, мен қазір сол қойнаудағы өгей ауылға бірге барсам...

– Соқыртеке ойнайсыз ба? деп сыңғырлай күлді. Күлкісі әдемі, бір түрлі кісінің есін бергісі келеді және күлу оған соншалық жарасады.

– Қайтар жолыңызда соға кетіңіз, екіүш күнде мен де қайтармын.

– Мақұл, оған да келістік. Бірақ... Жүргізуші жігіт артына бұрылып:

– «Өркенде» түсетін кім бар? деп дауыстады. Жатқандар жапа-тармағай қозғалып, үрпиісіп тұра бастады. Алғашқы айтқандары: «Қай жерге келдік?» болды.

– «Өркенге».

– Жаман иттің атын Бөрібасар қояды деп, осы ауылда тоқтап бекер әуре болады, - деп, наумез бола күңкілдесті. Арай ықшам тұрып, шағын қара сумкасын иығына асып тысқа беттегенде, мен де соңынан ілестім. Автобус есігін ашып жібергенде, анталаған аяз лап беріп, бетті шарпи шабуылдады-ай. Көзге түртсе көргісіз сонадайдан әлсіз жарық сығырайды. Бағанағыдай емес, ала құйын боран бәсеңдеп, кебінге оранған жер бетін өлім тыныштығындай - ұлы тыныштық иелік ете жалмап, жайпай бастаған екен. Мен Арайды сол түн-түнектің қара отауына кіргізіп тұрып, соңғы рет «шығарып салайын» деп өтіндім. Тек автобус орнынан қозғала бергенде:

– Қайтарда келіңіз, аға, күтемін, - деген әдемі дауысын естіп қалдым.

Осы кезде жүргіншілердің арасында «Осы күнгі жастар тауық секілді, көзді ашып-жұмғанша танысып-табыса қалады» деген күбірін және естідім.

«Новостройкада» екі күн еру болып, үшінші күні жолға қайта шықтым. Мен барған село, расында да, көз тоятын көркем еді. Қалаша салынған, оқтай түзу көшелер, қаздай тізілген ақ шағала үйлер - бейне бір ғажайып түс көргендей боласың. Онша дәлиған көлемді де емес, шап-шағын селоға әлемдегі жақсылықтың бәрін үйіп-төккенге ұқсайды. Облыс пен ауданға келген өкіл, ұятты қонақты осы «Новостройкаға» ала жөнеледі білем. Маған осынау ауыл көрмеге қойған макет село секілденген. Десек те, іштей ризамын. Басшылары да қонақжай, лыпып тұрған, өңкей жүзіктің көзінен өткен жігіттер. Бірақ маған сонау «Өркеннің» бүкіл байлығы мен бақыт несібесін осы сүйкімді село ұрлап, тонап жатқандай әсерді және қалдырды. Арасы атшаптырым ғана екі ауылда неге соншалық «жер мен көктей» айырмашылық бар деп ойлаймын. «Өйткені «Новостройка» бұрыста емес, түзу жолдың бойында...» деді ішімнен бір үн...

Қызық, анау күні танысқан түбіт шәлілі қызды ептеп сағынғандаймын. Таныстық неғұрлым келте болса, сағыныш анағұрлым ұзақ болады-ау. Мен оны оқыстан таптым, мүмкін, өмірімнің алғы күндері соған телулі шығар-ау. Мүмкін, әйтеуір, үнемі біреуді іздеп еленідеп жүрер жүрек байыз тауып, байырқалар айдында жолыққан шығар-ау... Осы тілек, осы үміт-ау, адам баласын елеңдетіп, ертеңгі күндерге асықтыратын, ұстатпай, сағымша бұлдырап шарщататын.

Таңертең аудан орталығына барар автобусқа мініп, дәл «Өркеннің» тұсынан түсіп қалдым. Таңға жуық қырбақ қар жауып, қансонар болып жатқан. Таудың көк желкесінен болымсыз сығалаған жансыз күн сәулесі шағырмақ қарға түсіп, көз суыртып қаратпайды. Аппақ ұлпа дүниенің таңғажайып, көркем қысқы көрінісін айтып жеткізу қиын. «Өркенге» барар жолды айқындаған шананың айқыш-ұйқыш ізі ғана, өзге белгі әзірше жоқ. Әлгі шананың қатар жарысқан қос сызығы, кейбір адамдардың қиылыспайтын тағдыр соқпағын еске салады. Қойнаудағы ауылға беттедім. Мұржадан ұшқан түтін желсіз тымық ауаға тік ұшып, баяу қалқып көзден ғайыптанады. Мұрныма сол күре жолдан екі-үш-ақ шақырым қағаберіс оң шынтақта бұйығы жатқан қайран ауылдың түтіні келгендей еді. Қайқаң болғандықтан ба, алқынып жүрісім мандымайды. Мен тіпті асығып та келе жатпағанмын. Арай, сөз жоқ, мені алаңдап тосып отыр. Ертең Алматыға бірге аттанамыз. «Әке-шешесі қалай қарар екен» деп сезіктене ойлаймын.

Мен «Өркенге» келгенде, алғашқы көрген кісім – орта бойлы, қалың қара қасты, әдемі жігіт болды. Басы салбырап, аялдамаға қарай асығыс құлдырай жөнелген.

– Әй, жігіт! – дедім дауыстап. – Арайдың үйі қайсы?

Ол маған түнере қарап тұрды да: - Оның кімі едің? - деп қайыра сұрақ қойды.

– Жай, әншейін, танысымын.

– Анау... анау... ауыл шетіндегі қыстақ, - деді де шұғыл бұрылып жүріп кетті.

Қыстаққа жақындағанымда, сыңсып жылаған дауыс естідім. Батылым бармаса да, тәуекел деп кіріп келгенімде, басына қара жамылып ағыл-тегіл жылап отырған әйелді, оны қоғамдай қоршаған шиеттейшиеттей балаларды көрдім. Шешесіне қосылып пысылдап жылайды. Жүргім тас төбеме шықты. Басын көтеріп, жасты жанарымен қараған қайғылы әйелден сасқалақтап:

– Арай қайда? – деп сұрадым. Үнім шаңқ етіп жаман шықты.

– Айырылдым ғой, Арайымнан... - аңыраған жоқтау онсыз да бор боп езіле бастаған жүрегімді шабақтап-шабақтап тілгіледі-ай... Сай-сүйегім сырқырап, тізерлей жығылып, қыздың анасын бас салдым. Бұл менің алғашқы, әрі ақырғы құлауым шығар...

Арайды сол боранды түнде қасқыр қамап, ауыл мен күре жолдың екі ортасында... жеп кеткен екен... Қыстақтың қыр жағында жерленген Арайдың моласына бардым. Аппақ, күмісше жылтыраған аппақ қардың үстінде қап-қара төмпешікке айналып, мәңгілік сапарға, қайтпайтын сапарға аттанған Арайдың бейкүнә балапан рухы жатты.

Қыз әкесі мені көрмегендей, сол жас қабірге тесілген қалпы меңірейіп тұра берген. Ақша қарға көзден аққан жас тырс-тырс тесе тамады. Қорадағы қамаулы қой маңырады... бұл өңірдің ендігі қызығы да, қайғысы мен қуанышы да түгел осы... бірінің жүнін бірі жұлып жеп тұрған ақтылы қой сықылданды.

Мен ауылдан аялдамаға қайтып бара жатып, Арайдың қабіріне ақырғы рет қарап едім, қыз әкесі молаға орнатқан тас мүсіндей болып әлі тұр екен.

Күре жолдың шетіндегі аялдамаға қайтып келгенімде, бағанағы жігіт пен «Новостройкаға» оқуға жиналған бір топ балаларды көрдім. Ішіндегі біреуі Арайға өте ұқсайды, бәлкім, кішкентай сіңлісі шығар... Олар дірдектеп тоңып тұр, автобус әлі жоқ,..

Жігіт айтты: «Араймен бірге оқып, бір партада қатар отырып едім. – Көмейіне өксік тығылып барып, сөзін әрең жалғады. –Қалтасында сіріңкесі болған екен, таусылғанша жағып, айбар ғып отырыпты да, қасқырлар қамалап қоймаған соң, шанадан түсіп қалған бір бау шөпті өртепті. Сон-соң... сонсоң қар беті апыр-топыр айқасқан, екі етігі мен шашын мазақтағандай қарға шаншып кетіпті. Әкеңнің аузын... мылтығымды алып келіп, Алтайда бір қасқыр қалғанша қырамын, тұқымын қалдырмаймын бұл жерге (жылады). Сол түні қасқыр көп ұлыпты...».

Осы кезде «Новостройка» жақтан сылаң етіп автобус көрінді.

Мен редакторының тапсырмасын тұңғыш рет орындамадым.

Оралхан БӨКЕЙ
adebiportal.kz.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВЕЛЛА

ҚАСҚЫР ҰЛЫҒАН ТҮНДЕ

Қыстың ұза-а-ақ кеші...

Осындайда бойыңды кернеген суықты қуып шығар айла іздейсің; осындайда «жойылсын бұйығы тірлік!» - деп жар салғың келеді. Ымырт үйіріліп, қас қарайса болды, сулы-сылпың кешкі асын іше салып, тас бүркеніп жатып қалар ауылдағы ағайынды сағынасың. Әбден қысқарып, бір қайырмаға келмей қалған күн суық жүзбен таудың қыр желкесінен төніп тұр. Ақ көрпесін айқара жамылған айналаңыз жылдың басқа мезгіліндей емес, күміс нұрға шомылып, қараңғылыққа ырық бермей ұзап барып ұғысады, түннің қап-қара отауына барып кіреді.

Дәл осы сәт – алғашында таусылмас ұзақ болып көрінген қысқы кеш есіңе қайдағы-жайдағыны түсіріп, көңілге салқындау қабыздаған белгісіз бір мұң ұялайды. Өзіңе аласұрып ермек іздегендей боласың. Малшының жөні бір басқа – тебіндегі отарын қыстаққа кіш-кіштеп қайырып, ай-үймен қоралап біткенше қас қараяды. Сосын, әйелі әзірлеп қойған тамаққа тыңқия тойып алған әлгі шопан темір пештің жылуына қыздырынып, қисайып жатып, «Ара» журналын оқуға кіріседі. Ал ақ қар, көк мұзды қақ жарып, қиырдан-қиырға қосын арқалап көше берер жылқышы күпісіне иегін тығып, су-су ағаштың бықсып жанған алауына телмірген күйі «Примасын» тұқылдай сорып, тым ауыр, тым мағынасыз ойға батар. Ауылдың жөні бір басқа – малын жайғап, маңайын тазалап, сыртқы күйбеңмен аялдап, үйіне кірмей біраз жүреді-ай. «Тамағыңды іш, суып қалды», - деген барып керги басып, міндетсіп үйге кірер. Онымен бірге кірген будақ-будақ бу төрге шапшиды, сонсоң әлгі ағайын: «Радионы қаттылап қойыңдаршы, не сөйлейді екен?» – деп, пимасын шешіп, баласына пеш қабырғасына кептіруге қойдырады. Радионы бұрағанда, міндетті түрде «қияқ, қияқ» деп, кеңірдек жырта айғайлап тұрары және рас. Осы сәтте осы үйдің оныншы класта оқитын бойжеткені барын киіп, сыланып киноға аттанады... Қар алғашқы жауғанда сойып алған соғымның еті бұрқырап, дастарқанға келгенде пеш түбіндегі ала мысық keріле тұрып, мияулай аяңдайды.

Қыстың ұза-а-а-қ кеші.

Қалада мүлдем басқа. Мұнда қысқы кеш қысқа сезіледі. Аяң-пұяңмен жұмысты тәмамдап, аялдамаға асығасың. Қаптаған халық. Түнде жауып, күндіз жылбысқылана еріген қырбақ енді көк тайғаққа айналып, тайып жығылып жатқан адамдар. Ыңыранып сасып-борсып әрең келер автобусқа жапатармағай ұмтылысқан ел бір-бірін итере, бірін-бірі жұлқып, бір-бірін балағаттап есікке ілінеді. Әуелгі артқы, сонсоң алдыңғы есікке... алдыңғы есіктен өлдім дегенде жарты иығың кіреді. Ең алдымен шофер ұрсады, сонсоң әйелдер күңкілдейді, үйіңе «өлдім-талдым» деп жеткенде: «қайда каңғырып жүрсің» – деп келіншегің тұлан тұтады. Ит боп жүріп от басыңды әрең тапқан сен: «ойнап жүрдім» деп арс етесің. Өйтпеске амалың жоқ. Телевизорды қоясың - «қияқ, қияқ». Үндемей барып өшіресің. Сонсоң теріс қарап тым-тырыс жатып қаласың.

Міне, осындай бір қыстың ұза-а-а-қ кешінде мен жолға шығатын болдым. Алғашында барғым келмеген. Редактор қолқалап болмаған соң, еріксіз көндім. Біздің бастық негізінде қорқытып-үркітіп жұмсамайтын жайдары, ақылды жігіт. Жас та болса атқа ерте мінген, ерте өскен, әлі де біраз жерге барарын сезгендейсің. Бұйрықты қолыма алып, аттанатын болған соң, жол қамына кірістім. Бірақ барар жер алыс. Қазақстанның шығысы. Алматыда он градус суық болғанда, онда қырыққа жетіп, ел мен жердің мазасын алып тұрған шығар.

Облыс орталығынан ары автобус жүреді екен. Айтқаным айнымай келіп, қаңтардың қақаған суығына тап болдым. Автобустың мұздай теміріне қолың тиіп кетсе, қырқып түседі. Киімім жұқа еді. Әлі ірге теуіп, үйлі-баранды болмаған адамның шаруасының қиюы келуші ме еді, тәйірі, айына бір рет үй ауыстырып, басы қатып жүрген жас журналистердің әзірше бірі ғанамын. Жалаң қабат пальто, құлағы жоқ ескілеу, жасанды теріден тігілген бас киім, жасанды теріден тігілген қолғап, жасанды теріден істелген қара портфелімнен өзге іліп алар еш нәрсе жоқ. Дірдектеп жұмсаған жаққа қарай шапқылай бересің, шапқылай бересің, өстіп шапқылап жүріп жан сақтайсың. Өстіп шапқылап жүргенде, екі жастың біріне келмей ауруға ұшырайсың. Жас кезде бәрі қызық, байқалмайтын секілді. Табаныңнан өткен суық маңдайдан шығар мезгіл әлі алда...

Мен автобусқа мінгенде, сау етіп ел азаматтары қоса кірді. Тегі, мен бағыт алған үлгілі ауданның басшылары іспетті. Үстерінде құндыз жағалы қыс пальто, кейбіреуінде әдемілеп сырып тіккен шолақ тон, бастарында үкілеген тиін құлақшын, аяқтарында аппақ пима, беттері қып-қызыл, буы бұрқырап, қарқ-қарқ күліп отыр. Дәл осындайда адамның бойын қызғаныш билейді. ҚазГУ-ді емес, мал дәрігерлік институтын бітірмегеніңе өкінгендей боласың. Өкін, өкінбе, бәрі кеш екені есіңе оралып, одан әрі жаурап, енді ішің мұздап, бүрісе түсесің. Автобус әне-міне жүргелі тұрғанда, ақ түбіт шәлі оранған қыз кірді. Жүргізушіге билетін көрсетті де, менің оң жағымдағы бос орынға отырды. Қуанып қалдым. «Ермек табылды» дедім ішімнен. Көлігіміз гүрілдеп-қырылдап орнынан қозғалғанша, жолаушылар да дабырласып, әр нәрсенің басын шалып көңілді отырды. Суық қыса түсті. Ауыздан ұшқан будан автобус іші тұманға айналды. Терезе сірескен қырау. Қысқы демалысқа шығып, жұрағаттарына қыдырыстап бара жатқан кейбір мектеп оқушылары әлгі ұлтандай боп қатқан сіреу мұзды тілімен жалап ерітіп, көздей тесік жасап алып, сығалайды. Редакторым командировкаға жұмсағанда, әуелі тартыншақтағаным - ертең жаңа жыл еді. Осы жылына жалғыз рет келетін мерекені жолдастардың арасында қарсы алып, сонсоң аттануыма да болушы еді, бірақ қалада жүргенде қарық болар мекенім және атап шақырған ешкім болмаған соң, қысастанып, жылжи беруді жөн санағанмын. Жаңа жылды жолда қарсы алуым бұл бір емес-ті.

Автобус орнынан қозғалып сыза жөнелгенде, қатар отырған көрші қызға тіктеп қарап үлгердім. Әдемі екен. Екі бетін суық сорып, томпайып үнсіз отыр. Оның да киімі жұқалау көрінді. Бар байлығы – басындағы ақ түбіт шәлі сықылданды. Ақ құба өңіне аса жарасады екен. Көзін үнемі төмен салып отырады да, оқта-текте кірпігін көтерсе, жарқ етіп жанары шығады. Маған ол өз сұлулығын өзі бағаламайтындай сезілді. Үнемі жуас халде, ауыр ойдың үстінде келеді. Жанында, тіпті айналасында адамдар барын байқамайды да. Мұндайда пысықтық жасап, бас салып сөзге тарту қиын.

– Терезе жақ суық қой, ауысып отырайық, – дедім. Ол бірден жауап берген жоқ. Естімегендей меңірейіп қарады да, іркіліп барып тіл қатты.

– Рақмет, сіздің киім менікінен де жұқа ғой, – деді.

– Бірақ менің жігіт деген атым бар ғой, – бұл менің тауып айтқаным еді. Байқаймын, бұл әзілсымағым көкейіне қоныс таба алмады. Тағы да үнсіз отырдық.

Суық. Жолаушылар жағасына мойнын тығып-тығып, қонақтаған тауықтай мелшиіп-мелшиіп отыр. Тек манағы үлде мен бүлдеге оранған ожар топ қана қағанағы қарқ. Өздері жолда тоңбас үшін ептеп тартып алған сыңайлы. Биылғы қыстың каттылығын, мал қыстату науқаны өте қиын тиерін айтысып, дабырлап сөйлеп, алғашында мазаны алды. Жасанды теріден тігілген бәтеңкемнен ызғар өтіп, башпайларымды суық сора бастады. Бір-біріне соғып тықылдатып, жылытқан боламын. Менің осындай мүшкіл халімді сезді ме, қыз:

– Пима киіп шықпаған екенсіз, - деді. Қуанып қалдым.

– Сол құрғырың жоқ қой.

– Не? Ақша ма, пима ма?!

– Екеуі де.

– Түрмеден босап шығып па едіңіз? - Әзілдеді ме, шыны ма, айыра алмадым. Бет пішіні өзгерген жоқ, салқын сұрады.

– Не десем екен... Алматы жылы болған соң...

– Ә, түсінікті, бұдан былай есіңізде болсын, Алтай Алматы емес, қатал.

– Әрине, бірақ қатыгез жерге қайтып оралу - екіталай-ау.

– Ат баспайын деген жерін үш басады демей ме, ағай?

– Өзің қайдан келесің?

– Мен де Алматыдан.

– Оқисың ба?

– Иә.

– Қайда?

– Қыздар институтында.

– Факультеті?

– Тіл-әдебиет.

– Қайда барасың?

– «Өркен» ауылына.

– Ол қай тұста?

– Новостройкаға бес шақырым жетпей, тау қойнауында.

– Оған автобус бұрыла ма?

– Айналдырған екі шақырым жерге уақыт өткізіп жүрмейміз деп, жол жиегіне тастап кетеді. Әрі қарай жаяу тартамыз. Сіз мені тергей бастадыңыз ғой...

– Дәм тартып сапарлас болған соң, таныса отырайық дегенім ғой.

– Өзіңіз «Новостройкаға» барасыз ба?

– Иә, сол селоны жазбақпын. Газетте істеймін.

– Мен де солай-ау деп ойлаған едім. Өйткені, сұрағыңыз нақпа-нақ. Ол селоны жазуға болар, – деп ойланып қалды. Мен оның үнсіз тыныштығын одан әрі бұзғым келмеді. Тақымдап сұрақ та қоймадым. Есіме редактордың сөзі оралды: «Шығыс Қазақстанда «Новостройка» деген қала типінде салынып, мәдени тұрмыстық жағынан бүкіл республикаға үлгі болар село бар екен. Бүгінгі сәулетті қоғамымыздың ауыл-селолары барған сайын көркейіп, қаладан еш айырмасы болмай өркендеп, өсіп отырғанын паш ету үшін именно сол селоны насихаттауымыз керек. Орталық газеттің бірінде «Села Казахстана меняют облик» деген тақырыппен мақала шығып та кетті. Мейлінше, зертте, мәдениет сарайын, универмагын, тұрмыстық қамту үйі мен ресторанын суретке түсіріп ал, еңбек адамдарымен кездесіп, басшылығымен жүздес, сұхбаттас». Мен таңғалғаным жоқ, өйткені, шынында да, мұндай жаңа типпен жобаланып салынған сәулетті селолар саны күн сайын көбеюде. Демек, қаладан ауылдың айырмасы азаюда... Тамаша, әрі табылған тақырып! Газеттің бір бетіне етектей етіп тастап жіберемін...

Қыстың ұза-а-а-қ кеші бітіп, түнге айналды. Барар жер әлі алыс, күн суық, аяз буып тұр. «Көңілсіз сапар болатын болды» деп ойладым ішімнен. «Новостройканың» азаматтары мұрындары шуылдап, ұйқыға басты. Қыз өзімен-өзі бір нүктеге қадалған күйі әлі үнсіз келеді.

Тау арасына ілінгенде боран басталғаны байқалды. Қар қиыршықтары сабалап, тіпті қасқырша ұлыған үні құлаққа жеткендей болған. Қиюы қашып, тозған терезенің жақтау-жақтау саңылауынан ішке ұмтылып, әлгі аласұрған боран да жылы мекен іздегендей. Анда-санда бір толқып тастап, мынау алай-түлей боранды сұрықсыз дүниеден қашып құтылғысы келгендей зымыраған автобуста әзірше кінә жоқ. Ауа райы секілді адамның бойын да қалтыраңқы суық сезім билеп, өз-өзіңнен қажисың, қан түкіргендей көгеріп, сазарасың, еш нәрсеге зауқың жоқ, дүниенің рақаты – маздап жанған от екеніне иланасың, әрі мың мәрте табынасың іштей. Құлаққа мотордың бір қалыпты гүрілінен басқа сырттан шың-шыңдаған дыбыс келеді. Мен көз алдыма жел кеулеп, аңыраған қарлы адырлардың ортасында жалаңаяқ, жалаң бас безектеп келе жатқан жалғыз жаяуды елестеттім. Қызық, әлгі тізеден қар кешкен жалғыз жаяу - қасымда жым-жырт отырған түбіт шәлілі қызға ұқсады. Қандай қаталдық! Селк етіп есімді жидым да, жалт қарадым. Қырау құрсаулаған әйнекті тесіп, сығалап отыр екен.

– Не қарадың?

– Ауылдың тұсынан өтіп кетем бе деп...

– Шофер хабарламай ма?

– Кейде ағып өте шығады.

– Мен ескертіп қояйын, – дедім де жүргізуші жігітке барып, «Өркеннің» тұсына келгенде айтарсыз, - деп тапсырдым. Қыз:

– Рақмет, – деді сыпайы ғана. Үлкен ойдың үстінде келесіз ғой. Мақалаңызды қалай бастап, қалай аяқтауды жоспарлап

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МУЗЫКАНТ

ЛЮБОВЬ К ДЕТЯМ

образы детства в песенном творчестве композитора Адилхана Адырбаева

Мир детства – одна из вечных тем в искусстве. привлекавшая поэтов, художников, композиторов многих поколений. Ведь отношение к детям всегда считалось показателем того, в каком состоянии находится общество и есть ли у него будущее. В мировой музыкальной практике последнего столетия тема детства имеет уже достаточно развитые, сложившиеся традиции.

К «детской» теме в определенные периоды своего творчества обращались и многие казахстанские композиторы, от корифеев казахской музыки (А.Жубанов, Е.Брусиловский, М.Тулебаев и др.) до современных композиторов нашего времени (Н. Тлендиев, А. Бейсеуов, А. Еспаев, И. Нусипбаев) и многие другие как профессиональные, так и самодеятельные композиторы. Для некоторых композиторов обращение к детской теме – это область, характеризующая специфические черты композиторского дарования. Именно, такой областью постоянного и неугасающего интереса она является для жетысуского композитора Адилхана Адырбаева.

В музыкальных кругах Жетысу он известен как композитор, автор произведений, посвященных родному краю, но и как педагог, наставник, как музыкальный, общественный деятель, директор музыкального колледжа им. К. Байсеитова вос¬питавший многочисленных учеников, чья любовь к музыке ведет их по жизни.

Адилхан родился в многодетной семье, но его с раннего возраста отдали на воспитание деду по линии отца Байжуме и бабушке Маржикен.

Дед Байжума – известный всей округе умелец области народного прикладного искусства талантливый акын-певец, участвовал на всех праздниках, во всех айтысах, великолепно играл на домбре песни и кюи.

С детских лет Адилхан наблюдал и слушал его искусство пения и игры на домбре. Дед Байжума, заметив большой интерес мальчика к его искусству и желание играть на домбре, он обучил играть на ней. По словам Адилхана к 6-7 годам он уже играл несложные кюи «Елімай», «Кеңес». «Келіншек». В старшем возрасте начал петь народные песни, подыгрывая себе на дом¬бре. Не расставаясь с любимым инструментом, мальчик старался не пропускать ни одногоауль¬ного праздника, на которых всегда звучали народные песни и кюи. Обратив внимание на все¬возрастающий интерес Адилхана к музыке, дед всячески поддерживал его увлечение.

В период обучения в общеобразовательной школе, был также одним из самых активных участников художественной самодеятельности. Начиная с первого класса, с большим успехом выступал на сцене, исполняя песни и кюи на домбре. В 8-ом классе организовал ансамбль домбристов и стал обучать детей исполнительству на домбре, мандолине активно участвует во всевозможных школьных праздниках, аульных торжествах, ста¬новится уважаемым у народа, как исполнитель кюйев и песен в сопровождении домбры.

Необходимо отметить, что творческая атмос¬фера детских и юношеских лет Адилхана созда¬ла все предпосылки для формирования мировоззрения будущего композитора, определения духовной направленности, развития творческой индивидуальности, его любви к музыкальному искусству и огромного желания посвятить свою жизнь музыкальному искусству. Это было его мечтой, и он ее осуществил. В 1980 году Адилхан поступает на

1-ый курс Талдыкорганского педин¬ститута им. И. Жансугурова по специальности «Музыка и пение». Обучаясь в институте искусств музыкальных звуков, он принимает активное участие в художественной самодеятельности, в составе народного студенческого ансамбля песни и танца «Жетісу», жадно впитывает знания нот¬ной грамоты теории и истории музыки, совершенствует игру на домбре и сырнай-баяне. Именно, в этой среде Адилхан пытается сочинять и импровизировать песни и мелодии. Первые пробы посвятил детям, среди них: «Ойынпаз», «Жалбыр-ай», «Балбөбек» и другие. Первые песни для взрослых посвящены молодежи, это - «Бақыт құсы», «Сағыныш», «Көк туым», «Сөнбейді әже шырағын» на слова Мукагали Макатаева. Буду¬чи студентом, Адилхан на все эти песни получал одобрения среди слушателей-сокурсников и пе¬дагогов.

После окончания института молодой специ¬алист возвращается в родной край Андреевский (ныне Алакольский) район. С этого момента начинается бурная плодотворная музыкально-творческая работа, Адилхан связывает свою жизнь с музыкой. В период с 1984 по 1995 год он прорабо¬тал в детском саду музыкальном руководителем, учителем музыки в школе, был директором дет¬ской музыкальной школы, а также руководителем районного отдела культуры. В процессе педаго¬гической деятельности будь то детсад, школа, Адилхан сталкиваясь с детьми, почувствовал не-обходимость сочинять для них песни. «Я очень люблю детей»,- признается Адилхан,- и поэтому всегда ищу стихи, которые бы воспитывали их, оказывали благотворное влияние. Такие стихи я нашел в поэтических сборниках поэтов М. Мака¬таева, А. Ысқабай, в.Әрін и других местных ав-торов. Так появились песни «Балабақшада», «Біз балдырған баламыз», «Не дер ең?», «Менің атам» и др. Они предназначены для детей дошкольного возраста. В процессе работы учителем музыки в школе Адилхан посвятил ряд песен для уча¬щихся начальных классов. Среди них, «Әліппе», «Мектебім», «Ана тілім». Для средних классов «Улан әні», «Ана тілім ардағым», «Жарқын жүзді ұстазым» и др. Для старших классов выделяются песни патриотического характера как, «Жайнай бер Жетісуім», «Туған ұл қазақтың бағына», «Мың балаға ақтілек», «Қазақстаным» и другие.

В этот период, Адилхан со своими новыми песнями в сопровождении домбры выступает на различных культурно-массовых мероприятиях районного масштаба. Среди них посвященные своему родному краю. «Үшбұлақ», «Шағала», «Туған жерім», «Ауылым». Лирические - «Сені іздеймін», «Сағыныш», «Жұлдыздармен сырласу», «Достық туралы ән».

Однако, в жизни наступает тот этап, когда он начал осознавать, чтобы стать композитором, возникает необходимость переезда, в областной центр где кипит культурная жизнь. С момента переезда в Талдыкорган у Адилхана намечается творческий подъем, вдохновения и энергии. Он продолжает сочинят песни. По тематике обращаясь к детям, молодежи, из них наиболее популярные – «Қазақстан туған жер», «Елтаңбасы елімнің», «Мұғалімдер мерекесіне арнау»ү «Бақытты балалар жыры», «Бар әлемнің баласы», и др. В этот период, когда Адилхан получил 2-ое высшее образование на специальности «филалогия». Композитор почувствовал и понял, что свои произведения нельзя ограничивается только вокальным исполнением в сопровождении домбры, как это делалось раньше. Адилхан, будучи зрелым композитором, решил писать песни более сложной формы, как этого требует слова и стихи. Сложная форма вылилась в музыкально-поэтическую структуру, имеющую развитие и кульминацию в национально-традиционных жанрах: как, «песни-толгау», «песни-жырау» (думы, размышления), «песни-терме» (сказания, повествования). Все эти произведения героико-исторического и героико-патриотического характера. К ним относятся: «Каракерей Кабанбай», «Толғау», «Әнші Ақын Сара», «Желтоқсан ескерткіштің алдында», «Әлия мен Мәншүк».

Вообще, говоря о песенном творчестве, сам композитор, как прекрасный музыкант и певец, остался верен песенному жанру, он считал, что та форма композиторского искусства, наиболее доступна и мобильна в передаче ярких, эмоциональных настроений. Вот почему песня заняла такое важное место в его исканиях и была предметом особого увлечения, источником вдохновения. В 2003 году А. Адырбаев руководство области оказывают высокое доверие, его назначают директором музыкального колледжа им. К. Байсеитова, где и работает по настоящее время. В период работы в колледже отмечен бурной, плодотворной компазиторской деятельностью. Своему колледжу Адилхан посвятил гимн, где он написал не только музыку, но и сочинил стихи.

Сам А. Адырбаев, как композитор неоднократно участвовал на различных творческих конкурсах, фестивалях и смотрах. Итогом всей композитор¬ской деятельности явилось создание 2-х авторских сборников и подготовкой их к изданию в печати. 1-ый сборник под названием «Жер жанаты Жетісу – ән мен күйдің қанаты»...произведений различных жанров-песен, кюев в сопровождении фортепиано а так же оркестра казахских народных инструментов. Объем книги -380стр. 2-ой сборник включает все песни в сопровождении фортепиано под названием «Бақытты балалық жастық шақ әуендері». Объем 250 стр. Состоит из 87 песен, предназначен в качестве учебного и концертного репертуара для детей и учащихся, преподавателей всех образовательных учреждений. Положительные отзывы и высокую оценку на эти труды дали видные музыкальные деятели, как К. Байбосынов, народный артист Казахстана, профессор; Ж. Жузбай. Заслуженный деятель РК, профессор; «С.Абдинуров, доцент, завкафедрой композиции КазНУИ, М. Егинбаев, член международного союза композиторов Казахстана. Данной статье все вышеперечисленные песни вошли в указанное учебное пособие.

Говоря о книге «Бақытты балалық жастық шақ әуендері» (Мелодии счастливого детства и юности), который предназначен для детей всех возрастов дошкольного детского сада, учащихся начальных, средних и старших классов общеобразовательной школы.

Тематика песен разнобразна, отражает все стороны жизни в период детства и юности. Во всех песнях прослеживается нравственная тема, ярко выраженный национальный колорит некоторых песен имеет и определенное воспитательное значение, прививая детям любовь к родной земле, чувство патриотизма.

При всем разнообразии и образной конкретности эта тематика выражена в песнях А. Адырбаева доступной для детей музыкальной лексикой (небольшой диапазон, ладовая устойчивость, простота и некоторая прямолинейность выражения мелодики и ритма, большая роль повторности). Как правило, композитор во всех в своих песнях обладает контрастный принцип мелодии, куплета и припева. Сопоставляется нетороплиово –размедренный куплет и подвижно- оживленный припев.

Несомненно, это обусловлено и инструктивно-педагогическими задачами, так как песни рассчитаны на детское исполнение.

Рассчитанные на детей как младшего, так и среднего и старшего возраста, они включают гораздо более широкий спектр образной семантики. Он связан с микрокосмом жизни растущего (взрослеющего) человека, шаг за шагом открывающего для себя окружающий мир со всей его многоплановостью и переменчивостью. Как бы вглядываясь в мир ребенка, композитор приближается к постижению того особого, самобытного мира, в котором происходит формирование личности ребенка, его самоопределение. Вполне осознанно он пытается привлечь молодежь к постижению нравственно-духовных ценностей.

Оценивая вклад А. Адырбаева в «детскую» музыку Казахстана, хотелось бы подчеркнуть, что его музыка –простая, рельефная и лаконичная, вполне соответствует ее задачам - быть легко воспринимаемой детьми, заставлять их слушать, размышлять и сопереживать. Направленность к добру, красоте, нравственным и эстетическим ценностям, как наиболее значимая черта творчества композитора, убедительно проходит через все его песни, посвященные детям и учащейся молодежи.

Недавно А. Адырбаеву исполнилось 60 лет со дня рождения и 35 лет творческой деятельности. Давайте, пожелаем юбиляру долгих лет жизни, крепкого здоровья, новых творческих успехов в таком благородным деле, как воспитание молодежи в системе музыкально-эстетического образование, во благо процветания независимого Казахстана.

Б. МУСТАФИН,
доцент, музыковед,
член Союза композиторов
Казахстана.

Бейсенбі - Четверг, 7 қазан

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 «Самалмен сырласу»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.10 «Құнанбай»
17.15 Д/ф «Тұлға»
17.45 «Екі жұлдыз»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
00.20 «Parasat maidany»
00.50 «Сана»
02.25 «Ashyq alan»
03.15 «Теледәрігер»

ХАБАР
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем әуен
11.15, 22.20 «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.15 «Стрелок»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery: Как устроена Вселенная »

АСТАНА
06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Astana times»
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 Әзілстан

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро, КАЗАХСТАН!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Кереміз»
20.00 Главные новости
20.40 «Первый отдел»
01.10 «Лучшие враги»
02.15 «Две судьбы-2»
03.25 «112»
04.05 «Әйел сыры»

КТК
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.30 «Журналист»
09.30 НОВОСТИ
10.10 «Было дело»
10.50 «Боец»
13.20 «Другие»
15.35 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
00.00 «Боец»
01.50 «Старший следователь»
02.45 «Астарлы ақиқат»
03.30 «Әйел қырық шырақты»
04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Парасат»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сырлағы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Ән тыңдайық»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Спорт-тайм»
15.30 «Бір бала»
16.30 «Қазақ тілі»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Парасат»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Құдайы қонақ»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
06.50 Информбюро
07.50, 04.00 Ризамын
09.10 Т/с «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.40 Т/с «Пенсильвания»
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.10 «Сезон убийц»
20.00 Информбюро
22.00 «Подстава»
00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.00 Кел, татуласайық!
03.00 Д/ф «В мире чудес»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,17.50 «Три в одном»
11.15, 19.30 «Скорая помощь»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 «Родком»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Тойхана»
00.00 «Арма акша. Адал махаббат»
01.10 «Анна-детектив»
02.20 «Q-елі»

Жұма - Пятница, 8 қазан

ҚАЗАҚСТАН
06.05 Д/ф «Ұлы дала дүбірі»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 18.00 «Ғашықтық дерті»
12.00 «Самалмен сырласу»
13.15 «Қызық екен...»
14.00, 02.55 «Теледәрігер»
15.00, 03.25 «Заң және біз»
15.30 «Жер тересі»
16.00, 21.30 «Қанатсыз құстар-2»
17.10 «Қымбат жандар»
20.35, 02.05 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
00.35Футбол. Әлем чемпионаты
03.15«Заң және біз»

ХАБАР
06.00 Т/х «Хабарлайын »
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем әуен
11.15 «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 Т/х «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Большая неделя». Тікелей эфир
16.00сериал «Стрелок»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет».Премьера!
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery». Как устроена Вселенная.

АСТАНА
06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00Алдараспан үздік әзілдері
15.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
16.20 Т/х «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.45 «Астана times»
20.55 Loto 5/36
00.55Келіндер
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 «Той жыры»
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «Әзілстан»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң -Қазақстан»
09.00 «Доброе утро-Казахстан»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «Жди меня, Казахстан»
13.00 «112». Прямой эфир
13.15 «Пәндемізой».
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Кенеміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
22.00 Т/с «Первый отдел»
02.40 «112». Криминальные новости
03.05Т/с «Две судьбы-2»
04.25 «112»

КТК
07.05,19.30,03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 Т/х «Журналист»
09.20 Новости
10.00 «Было дело»
10.50 «Боец»
13.20Д/ф «Другие»
15.40 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әлеуеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15«Дау-дамайсыз»
20.35, 02.50 «KTKweb»
21.00 Вечерние новости
21.40«Вкус счастья»
01.40 «Старший следователь»
02.35 «Дау-дамайсыз»
03.00 «KTKweb»
03.10 «Әйел қырық шырақты»
03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Сегодня»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Жанашыр»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
15.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Бүгінгі дін»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сырлағы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Талқы»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
06.00 «Әзіл студио»
07.00, 20.00 Информбюро
07.50, 05.00 «Ризамын»
09.10 «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.40 «Пенсильвания»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.10Х/ф «Подстава»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
22.00 «Запретное царство»
00.10, 04.00 Алдараспан, нысана, шаншар әзілдері
01.00 «Кел, татуласайық!»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Qazaqstan»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Три в одном»
11.00 «Скорая помощь»
14.00 «Гудия»
16.00 «Орел и Решка»
17.00«Медальон»
19.00Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Шоу «Музыкальная интуиция»
21.40«Ағайындылар»
23.00 Скетчком «Q-eli»
00.00 Шоу «Маска»
04.20 «Тойхана»

Сенбі - Суббота, 9 қазан

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Ұлы дала дүбірі»
06.30, 03.35 «Сырлы сахна»
07.15 Aqparat
07.35, 02.55 «Күміс көмей»
08.20 «Хайди»
09.25 «Әйел әлемі»
10.00, 18.00 Т/«Ғашықтық дерті»
12.00 «Анамды іздеймін»
16.15Әзіл әлемі
17.15 «Тәуелсіздік тәукелдері»
20.00 «Мәселе»
20.40 «Қазақстан дауысы»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
23.30 «Дон И»
01.40 Футбол. Әлем чемпионаты-2022.
02.40«Parasat maany»

ХАБАР
06.00 «Әзіл кеші»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.15 «Красный уровень»
09.00 «Tangy fresh»
10.00 XXI ғасыр көшбасшысы
11.00 «Әке бақыты»
12.00 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
14.00 «Курьер»
16.00, 23.15 Телесериал «Стрелок»
18.00 Мегахит
20.00 «Отыз жылдың ой-толғауы»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»
01.15«Discovery». Как устроена Вселенная.

АСТАНА
06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/х «Қара ниет -2»
12.15, 23.25 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 Х/ф «Шанхайские рыцари»
17.50 Т/х «Ана»
20.10 Үздік әндер
20.55 «Loto 6/49»
23.20 «Жауынгер»
00.50 «Келіндер»
02.50 «Azil keshi»
04.20 Той жыры
04.50 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.00Т/х «Әйел сыры»
06.45 «ОА»
08.00, 03.45 «Той базар»
09.00 «Ұлы даланың мұрасы»
09.15 «Поле чудес»
10.45 «Фабрика грез»
11.10 «Вишневый сад»
13.15 «Вау, Казахстан!»
13.45«Поздний срок»
18.30 «Мама, маған дауыс бер!»
20.00 «Айна»
21.00 «Платье из маргариток»
23.00 «Летний кубок КВН -2021»
01.45 «П@утина+»
04.20«Той заказ»

КТК
07.05 «Құдалар»
08.00, 03.30, 04.30«КТК –да Қабатов»
09.20 «Юморина»
10.30 «Вкус счастья»
15.00, 02.45«Аталар сөзі»
16.50 «Девушка с глазами цвета неба»
21.00 «Большие новости»
22.00 «Два берега надежды»
02.10 «Старший следователь»
02.45 «Аталар сөзі»
03.30, 04.30 «КТК –да Қабатов»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ауылдағы ағайын»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сырлағы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Спасая жизни»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Олжа»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Сырлағы»
15.45 «Әкелердің әңгімесі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Өмір әні»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Бір бала»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Безбен»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.50 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
06.50 «Тамаша live»
07.20 «Информбюро»
9.15 «Tennis show»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Тәтті шоу»
11.10 «Алладин»
11.30 «Лило и Стич»
12.10 «Король обезьян»
14.10 «Запретное царство»
16.20 «Тайна печати дракона»
19.10 «Хан соло. Звездные войны. Истории»
22.00 «Нере?»
23.30«Битва экстрасенсов»
01.30 «Тамаша live»
02.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Айна-online»
08.00 «Япырай»
09.00, 15.00Т/х «Мэгелсіз сезім»
10.00 «Жұлдыздың жары»
10.30«Регина + 1»
11.40 Шоу «Орел и Решка»
12.45 «Родком»
16.00 Т/х «Барлау»
18.00Т/х «Тек қана қыздар»
21.00 Шоу «Маска», 2 сезон
23.00 «JaidarmanCup»
00.30 Х/ф «Знамение»
05.00 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 10 қазан

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Ұлы дала дүбірі» деректі фильм
06.30 «Толағай»
07.30 «Көңіл толқыны»
08.00 «AQSAYYT»
08.20 «Хайди»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00 «Немо»
15.30 «Шаншар-25»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «АРТА»
20.50 Айнұр Тұрсынбаеваның шығармашылық кеші
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Дон И»
01.40 «АПТА»
02.30 Әйел әлемі
03.05 «AQSAYYT»

ХАБАР
06.00 «Әзіл кеші»
07.00 «Самопознание»
07.15 Сериал «Красный уровень»
09.45 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
14.00 «Курьер»
16.00 «Мегахит»
18.00 «Маска»
18.30 «Ән әлемі»
19.30 «Eco maken»
20.30 Мәжіліс.kz
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «16-қыз».
23.45Discovery
01.30 «Pro Sport»

АСТАНА
06.00 Қаламгер
06.30 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
12.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.10, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.50 Х/ф «Келинка Сабинка-2»
17.30 Т/х «Ана»
20.00 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.50 «Bas times»
02.00 «Келіндер»
03.40 «KazNet»
04.00 «Әзілстан» жасарын камера
04.20 «Ән мен әзіл» концерттік
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.15 «Әйел сыры»
06.45 0, 04.20 «Той заказ»
07.15 «Воскресные беседы»
07.35 «Мама, маған дауыс бер»
09.00 «Ұлы дала мұрасы»
09.20 Т/с «Мой любимый гений»
14.00 «Тайны вокруг нас»
14.35 «Лучше всех»
16.30 «Александра и Алеша»
18.50 «Добры вечер Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.30 «Платье из маргариток»
23.40 «Вызов первые в космосе»
02.15«П@ytina+»

КТК
07.05, 03.35-04.20 «Әйел қырық шырақ»
07.50 «Шымкент шоу»
09.00 «Юморина»
10.00 «Два берега надежды»
15.00 «Аталар сөзі»
18.40 «Оригинал»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Вторая молодость»
00.20 «Страший следователь»
02.20 «Аталар сөзі»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Безбен»
11.05 «Бір бала»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Әсем әуен»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Сильные духом»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Тарих парақтары»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 «Жетісу жұмбақтары»
16.15 «Қазақ тілі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
22.20 «Жұмыр жердің жұмағы» концерті
00.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
07.00 Әзілдер күнделігі
08.00 «Тамаша live»
08.30 «Тәтті шоу»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00What`s up?
11.00 «Села полетела»
12.00 «Алладин»
12.30 «Лило и стич»
13.00 «Тайна печати дракона»
15.50 Х/ф «Хан соло. Зведные войны. Истории»
18.50 Х/ф «Призрачный гонщик-2»
20.50 Х/ф «Честный вор»
22.50 «Битва эстрасенсов»
01.20 «Тамаша live»
01.50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Япырай»
07.15«Jaidarman Cup»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Орел и решка»
11.00 Х/ф «Все будет хорошо»
16.00, 03.15 К/ф «Махаббат саған ұқсайды»
18.50 Х/ф «Медальон»
21.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
23.00 Х/ф «Разведка»
01.00 «Рокки 4»
05.00 «Қуырдақ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

МЕКТЕПТІ – БІЛІМНІҢ ТІРЕГІ ДЕСЕК, МҰҒАЛІМ – СОЛ МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ, ЯҒНИ БҰЛ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІНІҢ ҚОЛЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ, БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ ТӘРБИЕСІ ТҰР. НЕГІЗІ, ҰСТАЗ БОЛУ ОҢАЙ ШАРУА ЕМЕС. ӘР ОҚУШЫНЫҢ КӨҢІЛІНІҢ КІЛТІН ТАУЫП, ОЛАРДЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСАТЫН ЖАН БОЛУ ӘР АДАМНЫҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙТІН ДҮНИЕ. АСА САБЫРЛЫҚТЫ, ШЫДАМДЫЛЫҚТЫ, ЖЫЛУЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ҮЛКЕН ІС. ЕЛІМІЗ БЕН ЖЕРІМІЗДІҢ, ӨРКЕНИЕТІМІЗ БЕН МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ДАМУЫНА МОЛ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ОСЫ БІР АСЫЛ ЖАНДАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА КӨКСУ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ МҰҚЫРЫ АУЫЛЫНДАҒЫ ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ МАЙРА БАЙБОЛАТОВАМЕН ӘҢГІМЕЛЕСІП, КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН САУАЛДАРЫМЫЗДЫ ҚОЙҒАН ЕДІК.

«БИЛІКТЕГІ АДАМДАРДЫҢ БӘРІНЕ СЕНЕ БЕРМЕЙМІН»

АЛАТАУ: – Майра, сіз үшін мұғалім деген кім және оның қоғамдағы орны мен беделі туралы не айтасыз?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ – Мұғалім деген барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» дер едім. Оған тән ең бірінші қасиет – баланы жақсы көру және оның жан дүниесін түсіне білу. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінің кішіпейілділігінен шығады және әркімнің қолынан келе бермейтін, бай қиялды адамға тән қасиет десек те болады. Сонымен қатар, ұстазды баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы дер едім. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре білуі қажет. Сонымен бірге бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ер жеткізеді. Сондықтан да балалар өз мұғалімдерін «ұстазым» деп атайды. Бұл жердегі «Ұстаз» сөзінің мағынасы терең. Ұлы Абайдың: «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», – деген өлең жолдары бар емес пе. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстазынан озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны деп білемін. Кемелді ұлт болашағы – білімді ұрпақ қолында. Бұл факторды жүзеге асырушы субъект – осы заман ұстазы. Қай заманның ғалымын да, ақынын да, басшысын да, басқасын да тұлға ретінде қалыптастыратын бір-ақ дүние немесе педагогикалық методика: оларды ұлттық құндылықтарға сай тәрбиелеу. Бүгінгі қоғамның басты талабы – қолдан жасалған «XXI ғасырдың ғажайыптарын» тамашалау емес, еңселі ел тағдырын аманаттайтын тарландарды өсіру. Олай болса, бүгінгі қоғамдағы мұғалімнің орны мен беделі биік болуы керек. Ал, қазіргі жағдайда кейбір әріптестеріміз өз мамандығына салғырт қарап, осы беделді түсіріп жүр. Заман талабына сай, сапаға негізделген білімді бере алмай жүр. Қазіргі қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеп қана қоймай, ақпарат көздері мен техниканың дамыған заманында оқушыға берілетін білімді де сол техникалармен байланыстырып, әр сабағын қызықты, әрі нәтижеге бағыттап өткізіп жатыр ма?! Әй, қайдам... Арамызда IT технологияларын меңгермеген мұғалімдер көп. Сондықтан да БжҒМ республика ұстаздарына жаппай цифрлық сауаттылық курстарынан өтуіне мүмкіндік жасады. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» – деген ғой. Ендеше, білім алуға құштар жанды шабыттандыру нағыз ұлы ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Өйткені қазіргі жас буын – еліміздің келер күнгі келбеті, болашағы.

АЛАТАУ: – Өткен жылы «Кедей мемлекеттің кедей мұғалімімін» деп министрге қарата айтқан желідегі бейне түсіріліміңіз Алматы облысын (*сонының ішінде білім басқармасы саласын*) дүр сілкіндіріп еді. Сіздің бұл шалт қимылыңыз жылдар бойы жабулы жатқан қазанның қақпағын ашып бергенімен, артынша желіге әкімдіктің баспана, интернетке қосылу мәселелерін шешіп беруді уәде еткенін айтқан бейнеңізді қайта салдыңыз. Шынымен де солай болды ма?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Сол күні жанартау жарылды! Неге десеңіз, бұл жерде мен тек өзімді ғана емес, бар қазақтың күнкөрісін айттым. Оның ішінде мұғалім қауымының қазіргі жағдайын жеткіздім. Көп әріптесім ортақ чатта өздерінің қиналып жүргендерін жазған. Менің де сол уақытта шекем шылқып жүрмеген. Ауылдағы мектеп және біршама шаңырақтар ғана интернет жүйесіне қосылған болатын. Ал мен сияқтылардың үйлеріне интернет орнатып беру туралы өтініштер сол күйі Казақтелекомда елеусіз жата берген. Ақпараттық технологияның дамыған заманында ұялы телефон арқылы мгбт. таратып, ноутбукпен жұмыс жасау маған да қиын болды. Себебі, kundelik.kz ашылмай, айналып тұрып алады. Бұл жағдайды тек өз ісіне берілген нағыз маман түсінеді. Сол оқиғаға дейін 10 жылдық Қазақстан ауылындағы Р. Толқымбекұлы атындағы мектептің ерлі-зайыпты екі ұстаздың директор тапсырманы дер кезінде неге орындамағандығын сұраған уақытта, «интернет қуып, егістік алқабында жүрміз» – деп жазғанын ортақ чаттан оқып қалдым. Ішімнен жаным ашып кетті. Мен ол мектепте маман жетіспегендіктен, директордың шақыртуымен қосымша жұмыс істеп жүрген болатынмын. Негізгі жұмысым Мұқыры ауылындағы Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектепте еді. Күнімен сабақтан қолың босамайды. Кешқұрым отырып электронды журналды толтыру үшін ауылдағы вайфайы бар үйлерді жағалайтынмын. Сол үйлердің бірінен келе жатып, өз-өзіме ашуланып, биліктегі қағазға жазылған өтірік есепке сеніп отырған адамдарға дәл осылай өз ренішімді жеткіздім. Кедейлік – ұят емес. Менің сол уақытта басымда үйім болмай, сонау Талғардан осы жерге келуімнің басты себебі сол еді, яғни, баспаналы болу. Жақсы мен жайсаңдар ауылдан шыққан. Менде өз шәкірттеріме сапалы білім беріп, өз мамандығымның майталманы болғым келеді. Бірақ тұрмыстың тауқыметі адамның қол-аяғын байлайтыны да рас. Мемлекеттің түрлі жақсы бағдарламалары бар. Алайда, кей жағдайда жергілікті атқарушы билік органдары олардың дұрыс, мақсатты орындалуына көңіл бөлмей жатады. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша республикадағы бар аймаққа бірдей қаражат бөлінуі дұрыс емес деп ойлаймын. Себебі, екі аймақтағы баспана бағасы екі түрлі. Мысалы, Талғардың өзінде емес, жан-жағындағы сол кездегі баспана бағасы Көксу ауданына қарасты елді мекендердегі үйлерден 2-3 есе қымбат. Сол үшін де көп әріптес жетпей қалған қаражатын несие алып, қосуға мәжбүр. Дұрыс емес, бұлай болмауы керек. Онымен қоса, қаражат нақты мақсатты түрде жұмсалуы қажет. Ал қазір ше? Әке-шешесінің үйін баласы сатып алып, алынған ақшаны басқа мақсатқа жұмсап жүргенін көріп жүрмін. Немесе ақшаны алып, төлем жасамай, миллиондап банкке қарыз болып жүрген мамандар да жетерлік. Мұны сонда кім қадағалап жатыр? Неге үйге зәру маман пәтерде жүріп, үйі бар маман қос-қостап баспана алу керек. Міне, заңсыздық, әділетсіздік деген осы. Осы оқиғадан кейін сол кездегі Алматы облыстық білім басқармасының басшысы болған Майгүл Төлеутайқызының әлеуметтік желіде менің жағдайымның жақсы екендігін жазған постын оқыдым. Мен туралы мәліметті қайдан алғаны белгісіз. Постты жарияламас бұрын менімен сөйлескен емес. «Көлігі бар, ноутбугі бар, екі жерде жұмыс жасайды. Осыншама сағаты бар», – деп жазыпты. Ойлы адамның санасында ең әуелі «ол неге екі жерде жұмыс істейді?» – деген сауал туындайды емес пе?! Посттың астына халықтың жазған пікірінен соң, үйіме келді. Сол уақытта мен туралы жазғанының шындыққа жанаспайтынын және ол постты алып тастауын сұрадым. Өтінішім сол қалпы орындалмады. Іргелес жатқан ауылға барып сабақ беру үшін көлігімнің несиеге алынғандығын растайтын құжаттарды да көрсеттім. Көлік жүргізуде тәжірибем жоқ еді. Сабағыма асығамын деп қыстың көзі қырауда талай мәрте жол апатына түсе жаздағанымды кімге айтайын. Соның бәрі – халықтың баласы үшін жасалған қадам. Менде осы халықтың баласымын, мемлекеттің азаматымын. Менің ғана емес, ұстаздардың қазіргі жағдайы осы. Тек бір ғана айырмашылық бар. Мен еркін ойлы азаматпын. Олар мүмкін, жоқ. Әлі де құлдық санамен қалып қойған біраз әріптесім: «Талғарыңа қайта кет!», «Неменеге айтасың?» «Ертең тексеріс қаптайды!» – деген болатын. Оларды мен түсінбеймін және түсінгім келмейді. Дегенмен де, қазіргі жағдайдың мәз еместігін және қалай болу керектігін түсінген әріптестер мені қолдады. Республикамыздың әр өңірінен белсенді мұғалімдер бой көтерді. Сол үшін өз алғысымды білдіремін. Және осы оқиғадан кейін ауылымыздың 50 үйіне интернет жүйесі қосылды. Ең маңыздысы – осы. Әр үйде екі оқушы баладан болса, жүз бала онлайн оқыту форматы кезінде үзіліссіз сабаққа қатысты деген сөз. Өз кезегіммен заңды түрде «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен баспаналы болдым. Жалпы, материалдық кедейлік түзелер, оңалар. Ал рухани кедейліктің орны толмайды. Сондықтан, рухани бай болуға тырысу қажет деп ойлаймын. Кешірім сұрап, бейне түсіруімді талап етті. Ал әкімдіктің «уәде етті» дегенін өзім қостым. Неге десеңіз, мен биліктегі кейбір адамдарға сенбеймін!

АЛАТАУ: – Ауыл мұғалімінің бүгінгі жағдайы қалай енді. Бұл айтқандарыңыздан өзгерген дүние бар ма?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Ауыл мұғалімінің жағдайы жаман емес. Бұдан да жақсы болады деген үміттемін. Соңғы жылдары 2023 жылға дейін мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға өсуде. Бірақ экономистер мұғалімдер жалақысының өсуін құмға сіңген судай деп бағалайды. Олардың ойынша, елдегі жоғары инфляция әсерінен жалақының өскені еш байқалып жатқан жоқ. Ал, Министр Асхат Аймағамбетовтың пікірінше, инфляция мұғалімдер жалақысына зиянын тигізбейді екен. «*Педагог жалақысын төлеу жүйесі өте күрделі. БАҚ сұраған кезде орташа жалақы жайлы мейлінше абайлап айтуға тырысамыз. Педагогтерде 7 қосымша үстеме ақы түрі бар. Біреуі сынып жетекшісі болғаны үшін, біреуі дәптер тексергені үшін, ал енді бірі жоғары санатты болғаны үшін алады*» деген еді. Осы жердегі сынып жетекшілік пен дәптер тексергендігі үшін алатын үстемеақы аз. Сынып жетекшінің жұмысы өте қиын. Сондықтан да, еңбек әділ бағалануы тиіс деп есептеймін.

АЛАТАУ: – Қашықтықтан оқыту оқушының оқу үлгеріміне қалай әсер етті? Жалпы, онлайн оқытудың олқылықтары болды ма? Болса, қазір мұнымен қалай күресудесіздер?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Әлбетте, қашықтықтан оқыту (*онлайн*) кері әсерін тигізді және мұғалім қауымы үшін артық қағазбастылықты әкелді. Оқушылардың төрт дағды бойынша (*жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым*) білім деңгейі төмендегенін аңғардым. Өткен жылғы қима жұмысында жалпы сынып 66 пайыз көрсетсе, биылғы оқу жылының басында алынған қима жұмысында 32 пайыз ғана білім сапасын көрсетіп тұр. Енді сол олқылықтың

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

орнын толтыру үшін күнделікті сабақта өткен тақырыптар мен оқу мақсаттарына негізделген тапсырмаларды орындаудамыз. Алдыңғы оқу жылындағы баланың білім деңгейіндегі көрсеткішті осы жылы мектепке келгендегі білім сапасының көрсеткішімен салыстырмалы гистограмма құруды және оқу мақсаттарына негізделген тақырыптық-күнтізбелік жоспарын құру, жұмыс ретін жасау ұсынылған. Тағы да сол қағаз, онсыз болмайтындай. «Жүрегімен, жанымен өз қызметін абыроймен атқарып жүрген маман өзінің сыныбындағы оқушылардың білім сапасына жауапкершілікті қағаздың дәлелдеуінсіз-ақ атқармай ма?» – деген ой келетінін жасырмаймын. Жалпы оқушы мен мұғалім арасындағы жәй ғана сұхбаттасу артта қалып бара жатқандай. Кейбір әріптестеріміз балаға жаңаны үйретуден гөрі, күнді өткізіп, үйіне тезірек қайтуды ойлап тұрады. Біздің сорымыз – осы. Бала алма ағашы десек, жемісінің дәмді болуы оны баптаған адамға байланысты ғой. Мұндағы қызметті мұғалім атқарады. Сондықтан да, біз бақшамыздағы жеміс ағашының жайқалып өсуіне өзіміз жауаптымыз. Бұл қызметті мұғалімнен басқа ешкім атқармайды. Әрине, ата-анадан кейін.

АЛАТАУ: – Мұғалім мерейін өсіріп, мәртебесін көтеруде 2019 жылы 27 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Заңның мақсаты педагогтердің мәртебесін арттыру, жүктемесін азайту, оларды жосықсыз тексерулерден және өздеріне тән емес функциялардан қорғау, ынталандыру бойынша өзге де мәселелерді заңнамалық деңгейде шешу көзделген. Бұл заңның педагогтерге ықпалы тиіп жатыр деп айта аласыз ба?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – «Педагог мәртебесі туралы» Заңның жақсылығын енді-енді сезініп келеміз. Естеріңізде болса, бұрын, мысалы 2010 жылы еңбек жолымның алғашқы жылдарында біз, ауыл әкімінің тапсырмасымен көше тазалап, ағаштарды әктейтінбіз. Оны «өз Отаныңды туған жеріңнің экологиясына қамқор болу, табиғатты таза ұстау» деп түсінетінбіз. Сөйтсек, бұл жұмысты атқарар басқа адамдар бар екен. Ал, біздің ең басты жұмысымыз – балаларды оқыту екендігін және оларға табиғатқа жанашыр болуды үйрету керектігін уақыт өте келе түсіндік. Осы түсініктің нығаюына осы Заң да түрткі болды десек, жаңылыспағанмын.

АЛАТАУ: – Бүгінгі ауыл мұғалімін толғандыратын мәселелермен де бөлісе отырсаңыз?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Мені толғандыратын мәселе көп. Алысқа бармай, өз ауылыма тоқталайын. Біздің ауылдағы балалардың біразы аудан орталығындағы ДСО (денешынықтыру сауықтыру орталығына), музыкалық мектепке барады. Ол жерге аптасына екі-үш рет бара алатын балалар бар. Бара алмайтындары тағы бар. Мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімдері түрлі спорт үйірмесін ашып қойғанымен, мектеп спортзалы тар. Көп оқушыны қамти алмайды. Ал, мәдениет үйіндегі спортзал қыс мезгілінде суық. Оны денешынықтыру пәнінің мұғалімдері де айтып жүр. Осы ретте айтарым, мектептің маңына шағын денешынықтыру кешенін, жаздық алаң салынса жер телімі жетеді ғой. Бүгінде балалар тартылатын турниктеріміз де ескірген. Ауылда екі балабақша бар. Демографиялық өсім де байқалуда. Ол жақсы. Дегенменде, ауыл балалары бір балабақшаға барып, екіншісін өнер мектебіне айналдырса, ауыл балаларының қуанышында шек болмас еді. Мысалы, ол өнер мектебінде би, музыкалық аспапта ойнау, дәстүрлі ән және т.б өнер сыныптарын ашуға болар еді. Оның үстіне көрші жатқан 10 жылдық Қазақстан ауылының балалары да біздің ауылға келіп оқитын еді. Барлық чемпиондар мен өнерлері тұлғалар ауылдан шығатынын ескерсек, ауыл балаларына тиісті жағдай жасалынуы керек деп ойлаймын. Ешбір баланың көше кезіп, бос жүруін қаламаймын. Бала деген жылдам өседі. Сондықтан, олардың тәрбиесі мен білімінде кемшіліктер жіберуге болмайды. Өйткені, бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы екенін естен шығармауымыз керек.

АЛАТАУ: – Педагогика жолын таңдауыңыздың басты себебі және осы салада қанша жылдан бері еңбек етіп келесіз?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Мектеп қабырғасында жоғарғы сыныптарда оқып жүргенімде сынып жетекшім Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылындағы №34 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сарқыт Тұрсынова, биология пәнінің мұғалімі Гүлшаш Ұлтанбекқызы, тарих пәнінің мұғалімі Нағима Қожабекова, Кларшын Қалыбекова сынды апайларым маған сабақтан тыс уақытта төменгі сыныптарға қайталау сабақтарын жүргізуге рұқсат беретін. Міне, осылайша мен өзімнің мұғалім болатынымды мектеп қабырғасында жүріп білгенмін. Ол деген жаңаны тану, онымен бөлісу қажеттілігінен туындаса керек. Осылайша, 2010 жылдан бері осы қызықты мамандықтың иесімін. Адал еңбек етіп келемін.

АЛАТАУ: – Соңғы жылдарда мектептен бөлек бала білімін жетілдіруде оқу орталықтары көбейді. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Білім жетілдіру оқу орталықтарының көбеюінің екі себебін айтайын. Біріншіден, мұғалімдердің теориялық білімінің әлсіздігі. Екіншіден, ата-ананың балаға деген талабының күшеюінен, және бұл орынды. Әркім өз баласының білімді болғанын қалайды ғой. Осы ретте, саңырауқұлақша көбейген оқу орталығының білім беру сапасы да әр түрлі екендігін тілге тиек етемін.

АЛАТАУ: – Мектепте ата-аналар тарапынан мұғалімге сыйлық жасауға тиым салынғанымен, мереке қарсаңында ақша жинап, сыйлық беретіндердің қатары айылын жимай келеді. Бұл орайда не дейсіз?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Сыйлық алған кімге жақпас. Дегенменде, қазіргі таңда еш мұғалім сыйлық сұрамайды. Ата-аналар өздері беріп, мұғалімге сөз келтіріп жатады. Біз үшін ең бағалы сыйлық – болашақта шәкіртің дұрыс жолды таңдап, өз елінің шын патриоты болғанын көру.

АЛАТАУ: – Мереке қарсаңында әріптестеріңізге айтар жылы тілегіңіз?

Майра БЕРІКҚЫЗЫ: – Біздің жұмыстың ең бағалысы – білімді шәкірт тәрбиелеп шығару ғой. Олай болса, әріптестерімнің алғыр, білімді шәкірттерінің көп болуын және осы жолда аянбай еңбек ету үшін денсаулық пен қажыр-қайрат тілеймін.

Сіздердің ұжымыға да алғысымды білдіріп, шығармашылық табыс тілегім келеді.

Әңгімелескен С. ӘЙТЕНОВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ҚОЛДАНЫСЫН КЕҢЕЙТУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгені баршамызға аян. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтты. Енді ана тіліміздің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда екені айдан анық.

«Теңіз тамшыдан құралады» дегендей, мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын кеңейте түсуге әрбір отбасы өзіндік үлес қоса алатынын естен шығармағанымыз абзал. Отбасы өзіміз де Отанымыз Қазақстан... Тіл меңгеруде, өз тілінде еркін сөйлеуде ата-ананың да рөлі ерекше. Әр ата-ана ананың ақ сүтінен дарыған тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің ешқандай қиындығы жоқ.

Өкінішке орай, сот процестері кезінде тараптардың бәрі қазақ болса да араларына аудармашы қатыстырып отыратын жағдайларды да кездестіріп жүрміз. Сонда аудармашының көмегіне жүгініп отырған ағайындарымыз мемлекеттік тілді түсінемін, бірақ сөйлей алмаймын, ойымды толық жеткізе алмаймын деген уәждерін алға тартады. Ал, кей кездері солардан сұраптақтап сұрай бастаса қазақ тілінде жауап беріп те жатады. Тек олар шұбарлап сөйлегенінен, кей сөздерді дұрыс айтпайтынынан арланатын көрінеді. Мұндай жағдайда, ол азаматқа қымсынбай сөйлей беруін өтініп, мүмкіндік берсе өз ойын қазақ тілінде де тәп тәуір жеткізіп жатқанының да куәсі болып жатамыз. Демек, осы тұста сөйлеу тәжірибесі жетіспей жатқаны анық. Сондықтан, білгенінше батылдықпен сөйлей берсе тәжірибесі толысып, меңгеріп кететіні хақ. Ал, кейбір отырыстарда, өзі орыс тілін жақсы түсінбесе де орыс тілді қорғаушы жалдайтын бауырларымыз да аз емес. Сол үшін процеске тағы да аудармашы тартылып жатады. Міне, осындай кішігірім кемшіліктердің өзін түзететін болсақ, соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істердің саны көбейе түсері сөзсіз. Осылайша, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте түсу өз қолымызда деуге болады.

Ербол АЙДАРХАНОВ,
Текелі қалалық сотының аға сот приставы.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚОРҚЫТ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МӘНІ

Қазақ халқында рух туралы түсінік ежелден болған. Осыған сай олардың дүниеге деген көзқарасы бақсылармен тікелей байланысты. Бақсылықтың негізі – «бұл адам мен табиғат, адам мен ғалам арасындағы терең байланыс және қарым-қатынас идеясы, адам және әлем арасындағы диалог». Алғашқы жырау болған Қорқыт ата алғашқы бақсылардың бірі.



Өлімді қабылдағысы келмеген Қорқыт ата аңызы адамның табиғатқа (*тауларға, далаларға, ормандарға*) жүгінуі дәстүрлі мотивтерімен, өмірдің өзен ретіндегі бейнесімен енген. Қорқыт ата табиғатқа ғана емес, адамдарға да үндеу жолдайды, оларға өнер арқылы өлместік жолды көрсетеді. Яғни, Қорқыт ата өлімнен қорыққан жоқ, ол адамдарды сол өмірді лайықты, артынан із қалдыратындай бір маңызды етіп сүруге шақырды.

Қорқыт дүниетанымының негізі – адамның болмысы. Адам табиғатынан өз өмір сүру кеңістігінде белгілі бір мүмкіндіктері шектеулі болып келеді және осы шектеулерден асып өте алмайды. Қорқыт ата адамдардың қолы жетпейтұғын нәрсеге ұмтылыстарын арттырғысы келді. Ол барынша адам мүмкіндіктерінің шектеулерін жойғысы келді және бар күш-жігерін соған жұмсады, адам қабілеті жетпейтін ілімді танығысы келді. Сол үшін де ол адамды осы мүмкіндігі шектеулі кеңістіктен алып шығуға болатындай алапат күш іздеді. Қорқыт дүниетанымы негізінен сол адамның мүмкіншіліктері туралы ойлардан тұрады.

Жалпы, мүмкіндік – айнымалы құбылыс, зат атрибуты және әрдайым өзгеріп отыратын оның көрінісі. Әлемнің өзгермелілігін, осы субстанциясын сипатын ұлы Абай былайша сипаттаған: Ұйқы мен тамаққа деген аса бір құштарлық болмағаны, сақалыңды ақ басқаны – осы өмірдің өзгергіштігінің дәлелі емес пе? Ал, Абай жауабын іздеген сұраққа Қорқыт әлдеқашан жауап беріп қойған еді. «Сенің істеріңнің де, мүмкіндіктеріңнің де шегі бар, барлық нәрсе шектеулі. Қайда барсаң да сені күтетіні Қорқыттың көрі».

Қорқыт философиясы бойынша адамның еркі мен қалауынан тыс оған қабір қазылады. Мұнда жеке адам мен оның тағдыры жайлы айтуға болады. Ол екі мәселені шешкісі келді: мәңгілік өмір және болмыс проблемасы, яғни, әлеуметтік мәселелер. Адам өмірін өлімге тікелей қатысты бір үлкен мәселе деп айтуға келмейді. Тіпті ол өлімнен қорыққандықтан өмір сүрмейді, өлімнен қашып кете алмайтындықтан қайғырмайды. Ол өзінің мүмкіндіктерінің шектеулігін, табиғат алдындағы дәрменсіздігінен, табиғаттың бір бөлігі бола алмайтындығынан қайғырады. Қайда барсаң да Қорқыттың көрі. Қабір деген адамның дәрменсіздігі мен мүмкіндігінің шегін әрқашан еске түсіреді.

Данат ЖАНАТЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты.
Айсана СОВЕТХАН,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, физика-техникалық факультетінің магистранты.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМДІ нығайту жолында

Еліміздегі сот жүйесі өз тарапынан түрлі реформаларға мұрындық болып, халықтың сотқа деген сенімін нығайтуға, тәуелсіз Қазақстанда адам құқығының аяқасты болмай, бостандық пен теңдіктің сақталуын биік мұрат етіп келеді. Қазіргі кезде сот өндірісін жетілдіру әрі жеңілдету мақсатында соттарда «Бірыңғай автоматтандырылған ақпаратты талдау жүйесі» бағдарламасы енгізіліп, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты «Төрелік» ақпараттық жүйесі бағдарламасымен алмасты.

Бұл жүйенің басты ерекшеліктерінің бірі талап-арызды тіркеу және қарау мерзімдерінің сақталуына бақылау жасау, оның есебін жүргізу - бәрі электронды жүйе арқылы болады. Келіп түскен арыз-шағымдарды судьяларға бөлу автоматты түрде жүзеге асырылады. Осылайша бұл бағдарлама сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл болып, судьялардың істі таңдап алу мүмкіндігіне шектеу қояды.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы барлық соттар жаңа технологиялармен жабдықталған. Осының арқасында талап-арыздарды қағазда емес, электронды түрде беруге болады. Виртуалды өтініштер электрондық үкіметтің сайты арқылы жіберіледі. Сот істерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында соттардың сот мәжілісі залдарында дыбыс-бейне жазбаларын жүргізетін арнайы құрылғылар орнатылған. Бұл өз кезегінде сот отырысына қатысушы жақтардың тарапынан түсетін наразылықтар мен шағымдарды азайтуға, тараптардың сот отырысы хаттамаларымен жедел танысуына жол ашады. Соттар қызметінде «Электронды Үкіметтің» кеңінен қолданылуы азаматтардың уақытын үнемдеуге, істердің қозғалысын бақылауына, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, соттың әділ өтуіне мүмкіндік береді.

Сот билігінің күші Заңның мүлтіксіз орындалуында, құқыққа деген зор құрметте. Қазіргі қоғамда азаматтардың өз құқықтарын жетік білмеуі немесе өзгелердің құқықтарын бұзу сияқты көріністер кездеспей тұрмайды. Әлеуметтік ортадағы түрлі құқық бұзушылықтардың Ата Заң негізінде қалпына келтірілуі, әділеттілік табуы, халықтың сот билігіне деген сенімінің нығаюы Конституциямыздың арқасында мүмкін болып отыр.

Нұржан ҚАДЫРБЕК,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

БИЗНЕСМЕНЫ ОЗВУЧИЛИ
свои вопросы транспортному прокурору Талдыкоргана

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей, на площадке «Атамекена» бизнесмены озвучили свои проблемные вопросы бизнеса в сфере транспортного контроля.

На их вопросы и предложения отвечали транспортный прокурор г. Талдыкоргана Данияр Манасбаев, руководитель Инспекции транспортного контроля по Алматинской области Булат Нурабаев, и.о. заместителя директора областной Палаты предпринимателей Думан Керимбаев, начальник отдела Палаты предпринимателей Санат Тусипов, а также руководство областной инспекции транспортного контроля, Алматинского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте, ДГД Алматинской области.

В своем выступлении представители транспортной прокуратуры отметили, что предприниматели в случае неправомерного вмешательства в их деятельность государственных органов, назначения необоснованных проверок или других неправомерных действий могут обращаться в мобильную группу, созданную Талдыкорганской транспортной прокуратурой.

В частности, член Регионального совета РПП «Атамекен», председатель ассоциации железнодорожных тупиков Алматинской области Дарбек Карабасов попросил оказать содействие в получении документов по оспариваемым земельным участкам с АО «НК «КТЖ» и по урегулированию вопроса по обслуживанию железнодорожных путей. Представители транспортных компаний задали вопросы по проблемам постановки электронной очереди автомобильного транспорта, предоставления иностранных бланков, проблемы стихийной предпринимательской деятельности на территории Центрального автовокзала и другие вопросы.

По каждому вопросу спикерами были даны разъяснения и приняты в работу для оказания содействия в решении проблем.

Ш. ХАМИТОВ.

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ

В настоящее время проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой. Коррупция оказывает большое влияние на все сферы общества: экономику, политику, социальную сферу, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности нашего государства.

ПРОДОЛЖАТЬ ЭФФЕКТИВНУЮ БОРЬБУ С КОРРУПЦИЕЙ

Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. В этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана.

Для борьбы с коррупцией в республике сформирована законодательная база, а именно: Закон «О противодействии коррупции», указ президента «О мерах по усилению борьбы с коррупцией, укрепления дисциплины и порядка в деятельности госорганов и должностных лиц», а также ряд программ, нацеленных на сокращение размеров теневой экономики, борьбу с правонарушениями в сфере экономики и т.д.

В своем Послании народу Казахстана «ЕДИНСТВО НАРОДА И СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ – ПРОЧНАЯ ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ» 1 сентября 2021 года Президент Касым-Жомарт Токаев говорил о приоритетных целях социально-экономического развития страны на предстоящий период. В своем выступлении Президент уделил огромное внимание экономическому развитию страны после пандемии, также затронул массу важных вопросов для государства и его жителей. В том числе о борьбе с коррупцией. В частности Глава государства подчеркнул: «Вместе с тем нельзя упускать из вида практические вопросы борьбы с преступностью…Следует продолжать эффективную борьбу с коррупцией. Профильному агентству до конца года нужно внести на утверждение стратегический документ, определяющий программу наших действий на среднесрочный период. При этом особое внимание необходимо уделить искоренению «бытовой коррупции».

Бахыт МАДЫБЕКОВА,
заведующая канцелярией Текелийского городского суда.

ВПЕЧАТЛЕНИЕ

РОДНОЙ БРАТ «КАНЕЛО
побывал и восхитился Казахстаном

Ригоберто Альварес, который является старшим братом мексиканского боксера Сауля «Канело» Альвареса (56−1−2, 38 КО), посетил Казахстан, сообщает корреспондент Vesti.kz.

Альварес-старший побывал на вечере бокса «Битва кочевников 2» в Нур-Султане, в главном событии которого Айдос Ербосынулы (16−0, 11 КО) одержал досрочную победу над Ленноксом Алленом (22−2−1, 14 КО) из Гайаны и стал претендентом на титул чемпиона мира по версии WBA.

Похоже, Ригоберто приехал в составе команды своего соотечественника Бруно Сандоваля (21−5−1, 17 КО), который в андеркарте вечера проиграл другому казахстанскому боксеру Беку Нурмаганбету (5−0, 3 КО).

Ригоберто, как и другие гости различных спортивных событий, оценил достопримечательности столицы Казахстана, местный колорит и национальную кухню, оставшись довольным увиденным. Впрочем, об этом отчетливо характеризуют фотографии, выставленные им в Instagram.

ИДУТ ОБШИРНЫЕ ПРОЦЕССЫ МОДЕРНИЗАЦИИ

В последние годы в отечественной судебной системе активно идут обширные процессы модернизации. В частности, во всех судах Республики Казахстан заработала новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Развитие информационных систем на этом не останавливается, так, в информационно-аналитической системе судебных органов «Төрелік» реализован механизм, согласно которому по вступлению судебного акта в законную силу по делам об административном правонарушении судья в ИАС СО «Төрелік» повторно подписывает постановление, которое в автоматическом режиме направляется в страховую компанию в электронном виде с отметкой о вступлении в законную силу.Данный функционал позволяет исключить необходимость повторного обращения граждан в суды за проставлением отметки о вступлении в законную силу постановлений об административном правонарушении для предъявления его в страховую компанию.

Следует отметить, что на сегодняшний день в Судебном кабинете успешно функционирует сервис по направлению в суды дел об административных правонарушениях органами, уполномоченными возбуждать административные дела, все протоколы об административных правонарушениях и дела поступают в электронном виде в специализированные административные суды и в суды, рассматривающие административные дела.

Автоматизирован документооборот между судами и органами исполнительного производства (государственные судебные исполнители, частные судебные исполнители).Введен в эксплуатацию функционал по приему из судов исполнительных документов в электронном формате и электронному санкционированию судами постановлений судебных исполнителей по всей Республике. Исполнительные документы судами также направляются в электронном формате.

Новый сервис «Внешняя оценка судов»,открытый на интернет-ресурсе Верховного Суда является еще одним системным инструментом по оценке работы конкретного суда. Проект «Внешняя оценка судов» реализован как объективный инструмент оценки работы судов и судей с целью определения уровня доверия населения, защищенности прав и законных интересов граждан в суде. Отличительная особенность анкетирования – проведение его посредством сервиса «Судебный кабинет». Результаты анкетирования и предложения напрямую поступают в главный орган судебной власти – Верховный Суд, что исключает местное влияние на его результаты и итоги.

А также, введенный аналитический информационный сервис «Форум «Талдау» заслуживает отдельного внимания. Его задачей является систематизация, мониторинг судебных актов и анализ судебной практики по конкретным категориям дел. Форум доступен для всех судей и посетителей сайта, здесь создана площадка для дискуссий по вопросам судебной практики, где смогут высказаться все желающие. Все комментарии будут анализироваться с целью повышения качества и эффективности работы судов.

Эти новшества, связанные с применением информационных технологий в судебной системе Республики Казахстан, оказывают положительное влияние не только на оперативность всех процессов, но и на качество отправления правосудия. Это способствует в свою очередь росту доверия граждан к судебной системе и усилению конкурентоспособности Республики Казахстан на международной арене.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
судья Коксуского районного суда.

ЗАРПЛАТА

МИНИМУМ 200 000 ТЕНГЕ
будут получать преподаватели вузов в Казахстане

Заработная плата преподавателей вузов, подведомственных МОН РК, увеличилась с сентября этого года, передает ИА «NewTimes.kz».

Теперь преподаватели университетов будут получать не менее 200 тыс тенге в месяц. Оплата труда старшего преподавателя составит не менее 230 тыс тенге, ассоциированного профессора — 260 тыс тенге, профессора — 350 тыс тенге (в национальных вузах — 400 тыс тенге).

«Благодаря поддержке президента министерством принят приказ об установлении МЗП штатным сотрудникам вузов. Зарплата преподавателей подведомственных МОН РК вузов уже увеличена. Также максимальный объем одной ставки теперь не будет превышать 680 часов за учебный год, то есть учебная нагрузка будет снижена. Изменение предназначено для того, чтобы профессорско-преподавательский состав имел больше возможностей и времени для занятия научной деятельностью», — отметил вице-министр образования и науки Куаныш Ергалиев.

Ранее на заседании НСОД президент поручил повысить заработную плату преподавателей вузов.

В сентябре 2019 года оплата труда профессорско-преподавательского состава вузов, подведомственных МОН, была увеличена на 20%, в сентябре 2020 года — еще на 20%. Теперь заработная плата очередной раз повышена, при этом для того, чтобы ее существенно увеличить, установлены минимальный размер оплаты труда и максимальный объем педагогической нагрузки.

УБИЙСТВО

Полицейские раскрыли убийство 65-летнего пенсионера в Илийском районе, передает ИА «NewTimes.kz». Чабаны в Алматинской области задушили своего начальника из-за маленькой зарплаты.

ЗАДУШИЛИ СВОЕГО НАЧАЛЬНИКА

9 сентября около 18:00 в Кербулакский РОП поступило сообщение о найденном в поле трупе мужчины с признаками насильственной смерти.

Правоохранители зарегистрировали данный факт в ЕРДР по статье УК РК «Убийство» и приступили к расследованию.

Выехавшая на место следственно-оперативная группа установила личность погибшего, 65-летнего жителя Илийского района. Со слов супруги, он выехал с чабаном в Жаркент за его напарником.

При прочесе местности, оперуполномоченные ОКП у села Коныролен задержали идущего по дороге подозрительного пьяного мужчину. Его опознала жена убитого. Она узнала в нем чабана, с которым уехал погибший.

«Задержанный признался в убийстве и рассказал, что, возвращаясь обратно со вторым чабаном, они втроем пили водку. У села произошел конфликт на почве того, что погибший мало платил за работу, и они вдвоем с напарником задушили хозяина», − прокомментировали в пресс-службе департамента полиции Алматинской области.

Забрав телефон и деньги, мужчины оставили труп в поле, а сами уехали на машине потерпевшего. На похищенные средства они купили водку и продолжили свой маршрут. Однако у села Коныролен машина сломалась.

«Второго подозреваемого, 44-летнего жителя села Чолакай Панфиловского района, полицейские обнаружили спящим в машине убитого», − дополнили стражи порядка.

Подозреваемых взяли под стражу. Как оказалось, один из них ранее неоднократно судим за грабежи и кражи чужого имущества, в том числе за скотокрадство. Второй состоял на учете, как алкоголик и семейный дебошир.

В ходе досудебного расследования полицейские переквалифицировали дело на статью УК РК «Убийство, совершенное группой лиц».

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰЛҒА

ЖАҚСЫЛЫҚ – ПАРАСАТТЫҢ СИМВОЛЫ

УАҚЫТТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫНДА ШЕК БАР МА?! БҮГІНГІ КҮНІМІЗ ЕРТЕҢГІ ТАРИХ ЕКЕНІН БІРІМІЗ БІЛСЕК, ЕКІНШІМІЗ СЕЗЕР МЕ ЕКЕНБІЗ... ЖАНТАЛАСҚАН КҮЙБЕҢ ТІРЛІК. Л.ТОЛСТОЙ АЙТПАҚШЫ: «ӨМІРГЕ КЕЛУ ҚУАНЫШ. АЛ ӨМІР СҮРУ ОҢАЙ ШАРУА ЕМЕС». ӘРКІМНІҢ ТАҒДЫРЫ МАҢДАЙЫНА ЖАЗЫЛЫП ҚОЙҒАН ДЕП ТЕ ЖАТАДЫ. КІМДІКІ ДҰРЫС ОЛ ЖАҒЫ ДА БІЗГЕ БЕЙМӘЛІМ.

Адамзаттан тыс тылсым күшке ешкімнің де шамасы келмейтіні ақиқат. Менің айтпағым, өмірге келген екенсің тіршіліктің ыстығына күйіп, суығына тоңсаңда адамдық қасиетіңді жоғары ұстауға міндеттісің. Әсіресе, отбасыңа қамқор болып, әріптестеріңе, қатарластарыңа, ең негізгісі соңыңнан ерген жас ұрпаққа дұрыс жол көрсету – ол сенің азаматтық парызың деп біл. Сонда ғана өмірің мағыналы, әрі мәнді болмақ. Осы ретте грек-рим күресінен Мәскеу Олимпиадасының тұңғыш чемпионы, дүниежүзінің бас жүлдегері, әлем кубогінің иегері, КСРО чемпионатының 6 дүркін жеңімпазы, «Қазақстанның Еңбек ері», «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері, меценат, кәсіпкер Жақсылық Әміралиұлы Үшкемпіровтың өмір жолы кімге болса да үлгі-өнеге емес пе?!

2018-жылдың мамыр айы. Әдеттегідей кешкі мезгілде қалта телефоным шырылдап қоя берді. Құлағыма тоссам, республикалық «Қазақ спорты» газетінің редакторы Дүрәлі Дүйсебайдың жаныңа жайлы, жағымды, ұяңдау дауысы:

– Мәке қалайсың, бала-шаға аман ба, Талдықорған өсіп, гүлденіп жатыр ма? дей келе, қазақтың мақтанышы, олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров ағаңды танитын боларсың, – деді.

– Әрине білемін деп, соңғы кездерде облыс орталығында өтетін жарыстарға жиі келетінін және облыс басшысы Амандық Баталовпен бірге спорт кешендерінің ашылу салтанатына қатысатынын айтып, біраз көсілсем керек.

– Түсінікті деп, сөзімді орта жолдан бөліп былай деді: «Мен жақында министрлікте Жақсылық ағамен кездесіп, біраз әңгімелестім. Келер жылы газетіміздің 60 жасқа толатынын айттым. Қазіргі нарық заманындағы жағдайымызды да баяндадым. Реті келгенде, министрліктен тендер арқылы бөлінетін қаржыдан газетке де көмек көрсетілсе, сол жағынан қолдау көрсетсеңіз дұрыс болар еді деп мәселенің ашығын жеткіздім. Ол кісі парасатты адам ғой, әрі бұрыннан білетінім бар болған соң болар: «Қолымнан келгенше болысайын» деп ағынан жарылды. Сондықтан өзіне арнайы хат жіберемін. Мекен-жайы, телефоны да көрсетіледі. Сол хатты алып, Жақсылық ағаның қолын қойдырасың, жарай ма» – деп сөзін жұмсартып аяқтады.

Әрине, бастық ретінде бұйыра айтса да болар еді. Бірақ табиғатынан кішіпейіл жанның әрдайым сабырлылығын сақтайтынын жақсы білемін. Оның үстіне КазГУ-де бірге оқыған едік. Ол журналист бөлімінде болса, мен филология факультетінде білім алдым. Мұғалімдеріміз бір болған соң ба, кейбір сабақтарда бірге отыратынбыз. Әсіресе, оқуды аяқтап, Қордайда өткен үш айлық офицерлік курстың еске түсірер қызығы да өз алдына бір тарих-ау.. Университетке Дүрәлі де мен сияқты Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, барып оқуға түскен. Сержант деген әскери атағы да бар. Әскери полигонда жүргенде ойларымыз үнемі бір жерден шығатын. Кей сәттерде, болашақта атқаратын жұмыстарымыз туралы пікір алмасып та қалатынбыз. Ал футбол ойнағанда ол өзінің досы Шарханмен бірлесіп алып, шаршау дегенді мүлдем естен шығаратын. Қайсысын айтайын.. Оқуды 1981 жылы ойдағыдай бітірген соң, әркім әр жаққа кетті. Бір топ топ журналист Алматыда қалды. Дүрәлі «Лениншіл жас» газетінің спорт бөліміне орналасты. Журналист мамандығының бір жақсысы жігіттердің қайда жүргенін және қандай биікке көтерілгенін де ақпарат құралдарынан біліп отырасың. Өз басым журналист қызметін Жезқазған облысынан бастадым. Он жылдай облыстық «Сарыарқа» басылымында еңбек еттім. Білімді, білікті журналистерден тәлім-тәрбие алдым. Болашақ өміріме ұмытылмастай үлкен тәжірибе жинақтадым. Журналистер жақсы білетін, «секретариаттың қара қазанында» қайнадым десем де болады.

1991 жылдың қараша айында туған жерім Талдықорғанға ауысып, облыстық «Жерұйық» газетіне орналастым. Онан соң, «Алатау» газетінде және қалалық «Талдықорған» басылымында директор, бас редакторлық қызметтер атқарып, 2017 жылдың күзінде зейнеткерлік демалысқа шықтым. Сенбесеңіз де айтайын, бір күннен соң үйге сыймадым. Ақыры Алматыдағы «Алматы-Болашақ» корпорациясының басшысы әрі журналист, жазушы Ырым Кененбай ағаға келдім. Ол кісі көңілімді қалдырмады. Астанада тұратын «Қазақ спорты» газетінің бас редакторы Дүрәлі Дүйсебайға телефон соғып еді: «Мәкеңді білемін ғой, Алматы облысының меншікті тілшісі болсын» – деп сол күні-ақ бұйрық беріп, жұмысқа қабылдаған еді. Ия, айта берсек сөз көп. Осы рухты басылымның арқасында кең байтақ қазақ даласын атарбамен екі рет айналып шықтым десем, біреу сеніп, біреу сенбес. Міне, оқырманға қысқаша болса да таныс болсын деп, болған жағдайдың шет жағасын ғана баяндап отырғаным ғой. Сонымен көп ұзамай телефонды қолға алып, Жақсылық ағаны іздестіре бастадым.

Әрине, Жақсылық ағаны елдің бәрі де біледі. Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында ағаның өмір жолдары мен кәсіпкерлік жұмысы туралы мақалалар мен очеркter де үздіксіз жарияланауда. Әлеуметтік желідегі ақпараттардың санында есеп жоқ. Телеарналарда деректі фильмдер көрсетіліп, кітаптар да шыға бастады. Қысқасы, Жақсылық Әміралиұлы халықтың бел ортасында жүр. Жұмыс бабында тілшілердің жанында жүріп, менің де әлденеше рет қос қолымды беріп амандасқаным бар. Бірақ, қызметімді алға тартып, келсін-келмесін сұрақтар қойып, ол кісінің мазасын алған емеспін. Спорттық жиындарда үнемі шеттеу отырып, алыстан ғана қадағалап отыратымын. Содан ба алғашқы сәттерде ағаның телефон нөмірі қолымда тұрса да қоңырау соғып, хабарласуға батылым бармай жүрді. Телефонды ала қалғанда сөзімді қалай бастаймын, деп кәдімгідей жас тілшідей толқығаным да рас. «Танымайтын жанмен сөйлеспеймін» – десе не айтамын деп те қиналдым. Ақыры жұмысқа отырып, қолы бостау кезі деп, сағат тілі төрттен беске қараған шақта телефон соқтым. Қоңырау дауысы ұзақтау соғылды. Алды.

– Ассалаумағалейкум аға, мен «Қазақ спорты» газетінің Алматы облысы бойынша өзі тілшісі едім. Редактор Дүрәлі Дүйсебай бауырыңыз тапсырма берген. Сізге жолығып, бір қағазға қол қойдырып ал деп еді. Сол бойынша хабарласым тұрмын.

– Жақсы, жақсы. «Қазақ спорты» газетін білем ғой. Халдерің қалай? Мен қазір бір жұмыстармен Астана жақта жүрмін. Екі-үш күнде Алматыға келемін, сол кезде хабарлассаң болады, – деді.

– Рахмет аға, түсіндім, – деп телефонды орнына қойдым. Айтарға сөз жоқ. Қас қағым сәтте жұмыстың бір шетін болса да басын қайырғандаймын. Ең негізгісі тілдестім. Ғажап! Ағаның әлдекімдердей, ыңыранып, не болмаса, «Кімсің? Қай газеттен едің?» деп тергеп, тексеріп сұрамай-ақ, әп-сәтте түсіністікпен тілдескеніне көңілім марқайып, өсіп қалды. Себебі Олимпиада чемпиондығы мен әлемдік деңгейдегі баһадүр батырлығы өз алдына, Президентпен қатар жүретін қоғам қайраткері, тіпті кәсіпкерлік атағының өзінен бүгінде ат үріккендей салмақты емес пе?! Сондай биікте тұрып, танымаса да сұрағыма түсіністікпен, жылы жауап берген қарапайымдылығына тәнті болдым. Іштей ағаға деген ризашылығымды білдіріп, дереу Астанаға қоңырау соқтым. Дүрәліге Жақсылық ағамен болған жайды хабарлап жеткіздім. Ол да қуанып қалды: «Ағаның мінезі өте кішіпейіл, адамгершілігі мол адам. Енді соңынан қалмай, қағазға қолын қойдырып алуды жеделдетесің ғой»,- деп негізгі тапсырманы еске салуды да ұмытпады.

Күнделікті атқаратын жұмыс шаш етектен. Талдықорған мен Алматының арасында жүріп, бір аптаның өте шыққанын да сезбей қаласың. Жұмаға қарай Жақсылық ағаға тағы телефон соқтым. Амандасып болған соң өткендегі бұйымтайды есіне салдым. Жақсылық аға біраз ойланып тұрды да: «Сен қазір Алматыда тұрасың ғой, бір сағаттай шаруашылыққа боламын келіп үлгересің бе?», – деді. Ішім сезіп тұр. Шаруашылық Жамбыл ауданы Мыңбай ауылындағы мекемені меңзеп тұр. Көлігім болса, құстай ұшар едім. Менің жұмысқа көпшілік отыратын автобуспен қатынайтынымды қайдан білсін...

– Аға, көлігім жоқ еді, уақытын айтсаңыз такси жалдап жетем ғой, – дедім. Ол кісі сәл ойланып барып: «Жақсы, мен кешкі жетіде Алматыға қайтамын. Сен Төле би мен Сайын көшесінің қиылысында мені күтіп ал, сол жерде кездесейік, дұрыс па», – деді. Жарайды деп келістім де ертерек жолға шықтым.

Алматы қаласын біз жүрген жетпісінші, сексенінші жылдармен әсте салыстыруға мүлдем келмейді. Ерсілі-қарсылы ағылған автокөліктердің көптігінен басың айналады. Асыққан жұртта тыным жоқ. Бір таныс адам кездесіп қалама деп, әркімге жалтақтай қарайтының рас. Кім, қайда барады, түсінбейсің. Көше аттарының жаңартылғаны өз алдына, айналма жолдардың әсерінен бе, кейбір аудандардың аумағы адам танымастай өзгерген. Өкіністісі, арман қуған ауыл жастарының уақытша тоқтайтын, тіпті бір-бірлерін іздеген жанға дәнекер болған «Саяхат» автобекетінің көзден ғайып болғаны көңілімді құлазытады екен. Түрлі ойларды еске түсіріп, бұрынғы «Ташкентский», бүгінгі «Райымбек» даңғылына да келдім-ау. «Сұрай-сұрай Меккеге де жетесің» демекші еліміздің мақтанышы Жақсылық ағамен кездесетін жерге баратын №7 автобусқа да отырдым. Жұрттың айтуынша ол жерге жету үшін кем дегенде бір сағаттай уақытым кететін көрінеді. Ертерек шыққанның қандай жақсы болды деп, сыртқа көз тастадым. Шындығында, келмеске кеткен кеңес заманының бір жақсы солақай саясаты еліміздің әлеуметтік жағына ғана емес, спорт саласының дамуына да қырын келгені ақиқат. Қаншама жасындай жарқылдаған асыл азаматтарымызды сағын сындырып, жігеріне құм құйғанын біз айтпасақта көз көрген жұрттар жақсы біледі. Мысалы еркін күрестен еліміздің әлденеше дүркін жеңімпазы, КСРО чемпионы, КСРО кубогының иегері Аманжол Бұғыбаев пен Қазақстанның он бір рет жүлдегері, КСРО чемпионы, КСРО кубогінің иегері Әбілсейіт Айхановтың, бокстан Қазақстанның 10 дүркін чемпионы, КСРО чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері Әбдісалан Нұрмахановтың атақ-даңқтары кімдерден кем еді?! Жігіттеріміз ірі-ірі белестерді бағындырса да Мәскеудің лауазымды бапкерлері оларды халықаралық, әлемдік додалы жарыстарға жібермей отырғанын қалай түсінеміз. Тау тұлғалы батырларымыз дәл осындай қорлықты көріп жүргенде, Жақсылық ағамыздың да не жаны қалды десеңізші...

Олимпиада чемпионы болу үшін Жақсылық Үшкемпіровтың да көрмегені жоқ. Бар қиындықтарды ол өзінің жанкешті табандылығы мен төзімділігінің арқасында жеңе білді. Реті келіп тұрғанда

Жақсылық ағаның журналист Төлеген Жәкітайұлына айтқан мына бір сөзіне назар аударып көрейікші: « КСРО чемпионатының 6 дүркін жеңімпазы болсам да Мәскеу Олимпиадасына дейін менің қанша жыл бойы қосалқы құрамда болғанымды білесіздер. Бұған барлық балуан шыдай бермейтін шығар. Мен өз сәтімді, елімнің атын шығаратын күнді күттім. Күреске бар ғұмырымды арнаған соң, соңынан нәтиже шығарғым келді. Жеңісімнің бар құпиясы сабыр мен шыдамдылықта. Әрине, алдыңнан кедергілер кездесе берсе, кімнің болса да жігері жасиды. Талай жарыстардан сырт қалып, Олимпиада ауылы алыстай бастағанда менің де спорттан қол үзіп, жаттығуға бармай қойған кездерім болды. Әлі есімде 1976 жылы өткен Монреаль Олимпиадасына қатыспайтынымды білген соң, үш ай бойы залдың бетін көрмегем жоқ. Менің күреске келмей жүргенім басшылықтың құлағына жетсе керек. Сол кездегі спортқа жауапты тұлға Аманша Ақбаев мені дереу шақыртып, өзінің көлігімен Дінмұхамед Қонаевпен кездесуге алып барды. Алғашында ел басшысымен кездесетінімді мүлде сезгем жоқ. Бірақ кабинетіне кіріп барғанда мен сияқты бір жапырақ жігіттің еліне керек екенін, менің жеңісімді барша қазақ аңсап отырғанын сездім. Қонаев болса, алда Мәскеу Олимпиадасы келе жатқанын, сол сынға аянбай дайындалуым қажеттігін ескертті. Міне, сол кездесуден соң мен күреске қайта оралдым», – дейді Үшкемпіров.

Уәделескен уақыттан жарты сағат бұрын айтылған бұрышқа келдім. Менің де салғырттығым ғой, ол кісінің қандай көлікпен жүретінін де сұрамаппын. Ал мен тұрған «Төле би мен Сайын» көшесін қиылысында ерсілі-қарсылы, суша ағылған көлікте есеп жоқ. Үстімде ақ көйлек, қара шалбар. Қолымда жаңадан шыққан «Қазақ спорты» газеті. Мұнда Жақсылық ағаның суретімен басылған мақаласы бар. Соны көрсетіп, қағазыма да қолын қойдырып алсам деген ой. Мені көріп, көлігін тоқтатар деп қоямын. Не керек, сағат тілі жетіден жылжып, сегізді де еңсеріп тастады. Күн еңкейіп, кеш түсе бастады. Алматының басты айналдырар қызыл-жасылды шамдары біріне соң, бірі жанып, айналаны құлпыртып-ақ жіберді. Байқаймын тұра берсем, уақыттың да өтіп кетері де анық. Тәуекел деп, ағылған көліктердің у-шуына қарамастан Жақсылық ағаға тағы да телефон соқтым. Телефонды тез көтерді: «Аға, мен Сізді Төле би көшесінің қиылысында әлі күтіп тұрмын», – дедім. Ол кісі: «Мен жаңа ғана сол көшемен өтіп, үйге келдім. Сені байқамадым ғой. Жарайды, орныңда тұр, сол жерге қазір айналып, қайта келемін»,- деді. Кештеу болса да, біраздан соң қап-қара «Джип» автокөлігі жаныма келіп тоқтады. Алдыңғы есіктің оң жағынан Жақсылық аға түсті. Үстінде жарасымды костюм. Жүгіре келіп, құшақтай амандастым. Бұрыннан танитындай сөзіміз көрген бетте жарасып-ақ жүре берді. Қағаздағы жазуларды оқыған да жоқ. «Түсінем ғой, Дүрәлі бәрін айтқан» деп, Қағаздың шетіне қолын қойды. Ел сияқты аты-жөнін қадап, иректетіп жазбады. Үлкен «Ү» әрпі болса керек, айналдырып, дөңгелете салды. Газетті қолына алды. Бірінші беттегі суретін көріп, кәдімгідей жүзі жадырап, қуанып қалды: «Үйге барған соң асықпай отырып, оқиын»,- деді. Бұдан артық не айтасың. Үнсіз қалмайын деп: «Аға өзіңіз туралы шығарма жазып жүр едім, тағы бірер сұрақтар туындап жатса, телефон соғып тұруға болады ма?»,- дедім. Ол маған қарап: «Әрине болады. «Қазақ спорты» өз газетім емес пе, кез келген уақытта хабарласып тұрыңдар. Аман болыңдар», – деп көлігіне қарай беттеді. Әп-сәтте, иненің көзінен шыққандай жап-жаңа қара «Джип» атақты ақын атамыз Жұмағали Сайын көшесімен жоғары қарай өрлеп кете барды. Көзден таса болғанша соңынан ұзақ қарап тұрдым...

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

ӨНЕРЛЕРІҢ ӨРГЕ ЖҮЗСІН...

Сымбат ОРДАБАЕВА: *«Қызым – Бақнұр Қозыбай бес жаста. «Мейірім» шығармашылық орталығындағы бейнелеу және мүсіндеу үйірмесіне қатысады. Бейнелеу өнері балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамытады деген ғой мамандар. Айтқандай-ақ, қызым үйірмеге қатысқалы бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгеріп, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауды да үйреніп келеді. Шығармашылық деген бүкіл тіршіліктің көзі деп айтар едім. Осындай орталық ашылғанына шын қуаныштымын. Бұл жердегі ұстаздардан көп дүниені меңгеріп жатыр. Қолымен жасаған заттарын үйдегі сіңлісіне әкеп көрсетіп, үнемі оған қамқор болып жүреді.*

Болашақта сән әлемінде жұмыс жасағым келеді дейді. Анасы ретінде қызымның өнерлі болғанын қалаймын және армаңына қол жеткізсе екен деймін. Орталықтың директоры Гүлмира ханымға және үйірме ұстаздарына алғысымды білдіремін».

Назым МЫРЗАХАНҚЫЗЫ: *«Әміржан Айлин мен Амиранның анасымын. Қыздарымды моторикасы мен қолының икемділігі дамысын деп орталықтағы сурет пен мүсіндеу сабағына бердім. Жаз айынан бері үйірмеден үйренгендері көз қуантады. Айлин өскенде мұғалім әлде бір мекеменің бастығы боламын дейді. Екі қызымның болашағынан зор үміт күтемін. Үйірменің директоры Гүлмира Қуанышқызына, сурет пен мүсіндеуден беретін Айжан, Клара апайларға айтар алғысымыз шексіз. Еңбектері еселеніп, жұмыстары жемісті болсын».*

Амира ӘМІРЖАН: *«Жасым сегізде, Талдықорған қаласындағы №28 IT-лицейінің 3 сынып оқушысымын. Сурет салғанды жақсы көргендіктен сурет үйірмесін таңдадым. Сондай-ақ, мүсіндеу үйірмесіне де жазылдым. Себебі ермексаздан түрлі заттар жасап үйренгім келді. Орталыққа жаз айына бері келемін. Мұндағы апайларымыз сабақтарын қызықты өткізеді. Мүсіндеу өнерінен көп зат жасап үйрендім. Сіңлім екеуміз бірге барып қайтамыз. Үйге келгенде де сурет салып, мүсіндеуден үйренгендерімді қайталаймын. Бос уақытты ұтымды пайдалану керек қой. Өзім өскенде дәрігер болуды армандаймын. Бізді осындай өнерге баулып жүрген ұстаздарыма алғыс айтамын».*

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ПСИХОЛОГИЯ

КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ БІЛУІ КЕРЕК 9 НӘРСЕ

Қазіргі қоғамның парадоксы - ақпараттың көптігінен оған деген қызығушылықтың жоғалуы. Бірақ сол шексіз білім ішінен керегін сүзгіден өткізіп, маңыздысын ажырата білудің өзі оңай емес. Десе де өз өзін сыйлайтын әр адамның қолынан келуі керек қасиеттер бар, олар да осындай білім алудың арқасында игеріледі. Ендеше соларға тоқталып өтейік.

1. Өз ойыңызды жүйелі жеткізе біліңіз

Еркін әрі жүйелі сөйлеу қабілеті әңгімелесушіге өз көзқарасыңызды жеткізуге көмектеседі. Сіздің ортаңызда жиі қолданылатын терминдердің мағынасын білу сізге өзіңізді жайлы сезінуге мүмкіндік береді.

2. Әлемге өзгенің көзімен қарай біліңіз

Кез келген жағдайда сізге этикеттің негізгі ережелерімен қоса, адам психологиясына қатысты біліміңіз сіздің тірегіңіз болуы керек. Адамның мінез-құлқының себептерін түсіну үшін әлемге әңгімелесушінің көзімен қарауды үйреніңіз. Адамдарға құрметпен қарау арқылы сіз айна реакциясын жасайсыз, тіпті өзіңізге еліктеуге бейсаналы түрде ниетін оята аласыз.

3. Шынайы қызығушылық таныта біліңіз

Әлемнің көп қырлы екенін түсініңіз. Біз кем дегенде бір-екі тәуелсіз дереккөзді оқып, өзімізше қорытынды жасағаннан кейін ғана белгілі бір мәселе туралы өз ойымызды айта аламыз. Сол себепті тақырыпты зерделеу барысында оған шынайы қызығушылық таныту өте маңызды.

4. Ешкімді сынамаңыз

Бұл тіркесті естіген кезде, адам бейсаналы түрде өзгелерді ғайбаттаудан арылу керек екенін ұғады. Әрине, ол өте маңызды. Бірақ адам өзгеден бұрын, өзін сынауды қоюы керек. Идеал адам жоқ. Тек өзін бар болмысымен қабылдау өнерін игерген жан ғана өзгеден кемшілік көрмеуге, кешірімшіл болуға бейім келеді.

5. Өзіңіздің үздік нұсқаңызды жасауға талпыныңыз

Ағылшындарда «Балаларды тәрбиелемеңіздер, олар бәрібір өзіңіз сияқты болады. Сондықтан өзіңізді тәрбиелеңіз!» деген сөз бар. Қалай болғанда да, бала ата-анасының әдеттері мен мінез-құлқын бойына сіңіреді. Өзіңізді жетілдіріңіз, сонда сіз балаңыздың бойына ең жақсы қасиеттерді қалыптастырасыз.

6. Әсемдіктен шабыт алыңыз

Өнердің кез келген көрінісі қиялды дамытады. Және, әрине, бұл бізге әдемілікке үйретеді. Эрудит адам әлемдік әдебиеттің, музыканың, киноның және бейнелеу өнерінің жауһарларын түсінуі керек. Олардың идеялары қай уақытта да өзекті болып қала береді.

7. Біліміңізді жетілдіріңіз

Орта мектептің негізгі мақсаты - білім мен дағдылардың негізін қалау. Бірақ сіз көбейту кестесін, өз еліңіздің тарихын, география мен грамматиканы білуіңіз керек.

8. Гиппократ антын беріңіз

Күнделікті өмірде апаттық жағдайлар орын алып жатады. Әрине, зардап шегушіні байқаған соң міндетті түрде жедел жәрдем шақырасыз. Бірақ медициналық топтың келуіне кейде 30 минуттан да көп уақыт кетеді. Ал сіз алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым дағдыларын меңгеру арқылы өзгелердің ғана емес, өзіңіздің де өміріңізді құтқара аласыз.

9. Өз құқығыңызды қорғауды үйреніңіз

Мемлекеттік заңдар қоғамдағы қатынастарды қалыптастырады. Сондықтан сіз оларды білуіңіз керек. Әрине, нақты жағдайлар мен мәселелермен айналысатын арнайы дайындалған адамдар, заңгерлер бар. Бірақ (мысалы, автокөлікші мәртебесіндегі адам) әркім өзі үшін күнделікті өмірде керек болуы мүмкін ережелерді білгені абзал.

Бұл тізімді шексіз толықтыруға болады, өйткені әр жаңа күн сізге жаңа «тосын сыйлар» әкеледі, оған сіз дайын болуыңыз қажет. Мұнымен тоқтамаңыз, пайдалы әдебиеттерді көбірек оқыңыз, сонда сіз әлемнің әдемі екенін түсінесіз. Себебі сіз оның мүмкіндіктер мен ғажайыптарға толы екенін көресіз.

Материал massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші
Жания КАРАУЛОВА – тілші

Кезекші редактор: Ж. КАРАУЛОВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 983
Индекс 15534